

МЕКЕМБАЙ ОМАРҰЛЫ

АНА ТІЛІ



**Жалпы орта білім беретін мектептердің
2-сыныбына арналған оқулық**

*Өзбекстан Республикасы Халыққа білім беру
министрлігі бекіткен*

6-басылымы



ТАШКЕНТ — «О'ZBEKISTON» — 2018

УҮК: 811.512.122(075)

372.881.1(075)

КБК 81.2 Каз-93

О-52

Пікір жазғандар:

А. Бектаев—Низами атындағы ТМПУ оқытушысы.

П. Қабылова—Жоғары Шыршық ауданындағы
5-орта мектептің бастауыш сынып мұғалимасы.

ШАРТТЫ БЕЛГІЛЕР:



— тақырып



— ойлап көр



— сабақ аяқталды

**Республикалық маңсатты кітап қоры
қаржылары есебінен басылды.**

ISBN 978-9943-01-278-3

© М. Омарұлы, 2008–2016, 2018


© «O'ZBEKISTON», БПШУ, 2008—2016, 2018

ОТАН – ОТТАН ДА ҮСТҮҚ!

ҚАЙТАЛАУ

СӨЙЛЕМ ЖӘНЕ СӨЗ

1-жаттығу. Сурет бойынша әңгіме құрап жазындар.



2-жаттығу. 1. Мәтінді оқындар.

Өзбекстан — біздің Отанымыз. Оның тауда, тасы да, бауы да біз үшін қымбат, қадірлі де қасиетті.

Біз өз Отанымызды сүйеміз.

2. Мәтінде неше сөйлем бар?

3. Әр сөйлем қандай әріптен басталған?

4. Әр сөйлемде неше сөз бар?

3-жаттығу. 1. Өлеңді көшіріп жазындар.

Өзбекстан

Тәуелсіздік келген жоқ өзге тұстан,
Сен қырансың биікті көздеп үшқан.
Қайда барсам, анамдай қарсы алатын
Атыңнан айналайын, Өзбекстан!

(Мекембай Омарұлы.)

2. Өлеңде неше сөз, сөйлем барын байқадындар?

3. Өлеңнің әр сөйлемі қандай әріптен басталыпты?



4-жаттығу. 1. Мақалдарды оқып шығып, көшіріп жазындар.

Ел іші — алтын бесік.

Өз үйім — өлең төсегім.

2. Неліктен осылай деп айтылады?
3. Сөйлемнің соңында қандай тыныс белгісі қойылған?

5-жаттығу. 1. Мәнерлеп оқуға дайындалыңдар.

- Аю, қайда барасың?
- Бал тапқалы барамын.
- Майлан, қайда барасың?
- Мал баққалы барамын.

(Қадыр Мырзалиев.)

2. Сұраулы сөйлемдерді көшіріп жазыңдар.



Сөйлемнің бірінші сөзі бас әріптен басталады.

Сөйлемнің соңына нұкте (.), сұрау (?), леп (!) белгілері қойылады. Күннің көзі көрінді. Жаңбыр жауды ма? Құсқа тас атпа!

6-жаттығу. 1. Өнер-білім туралы мақалдарды оқып шығыңдар.

Өнерлі өрге жүзеді. Өнерлінің өрісі кең. Білмегеніңді білгендерден сұра. Білімнен асқан байлық жоқ.

2. Соңғы екі мақалды көшіріп жазыңдар.

7-жаттығу. 1. Жұмбақтың шешуін табыңдар да, көшіріп жазыңдар.

Құрғақ жерде сақтайсың,
Онсыз тамақ татпайсың.

2. Сөйлемнің қай сөзі бас өріптен бастап жазылады?

8-жаттығу. Мәтінді көшіріп жазыңдар.



Біздің үйде тай бар. Тайымның аты—Құлагер. Құлагер әлі екі жасқа толған жоқ.

Құлдір-құлдір кісінеп, айнала шапқылаған ала аяқты құлышақ!

9-жаттығу. 1. Оқып шығыңдар.

Орал Таңсықбаев — халық суретшісі. Ол қылқаламмен жұмыс істейді. Ақ қағазға салған суреттері өте әдемі.

2. Көшіріп жазыңдар. Қай сөздерді бас өріптен бастап жаздыңдар? Неліктен олай жаздыңдар?



ДЫБЫС ЖӘНЕ ӘРІП



Дыбыстың таңбасы не? Сөзге дыбыс қосқанда немесе алып тастағанда, сөздің мағынасы қайтеді?

10-жаттығу. 1. Жұмбақты оқып шығындар.

Ағашта жабысып тұрады,
Тұмсығын аямай үрады.

2. Жұмбақтың шешуін торкөзге жазындар.

T							K
---	--	--	--	--	--	--	---

3. Жұмбақтың шешуі неше дыбыстан құралған?

11-жаттығу. 1. Сөздердің екінші буынындағы
а дыбысын алып тастап, көшіріп жазындар.

Бала, қала, шала, тала, ала.

2. Сөз мағынасының өзгергенін байқадындар
ма?

Әріп — дыбыстардың таңбасы.

12-жаттығу. 1. Оқып шығындар. Берілген
сөздер қай әріптер арқылы бір-бірінен ерекше-
леніп тұр?

Біл — піл — шіл — тіл. Таус — даус. Күн —
тұн.

2. Көшіріп жазындар. Сөздердің мағынасын
өзгертіп тұрған әріптердің астын сыйындар.

13-жаттығу. 1. Берілген сөздерден бір дыбыспен ерекшеленетін сөзді тауып жазыңдар.

Ұлан — құлан, дән — ..., парақ — ..., бұлақ — ..., дәulet —

2. Сөздің мағынасын өзгертіп түрған өріптің астын сызыңдар.

14-жаттығу. 1. Оқып шығыңдар. Сөздердің қай өріптер арқылы ерекшеленіп түрғанын айтыңдар.

Дария — қария, жон — жөн, әділ — өзіл, балға — балта, ұн — ұн.

2. Көшіріп жазыңдар. Сөздің мағынасын өзгертіп түрған өріптің астын сызыңдар. Бір дыбыспен мағынасы өзгеретін екі-үш сөз айтыңдар.



ДАУЫСТЫ ДЫБЫСТАР ЖӘНЕ ӘРІПТЕР



Дауысты дыбысты дауыссыз дыбыстардан қалай айыруға болады?

Әуелі *a, ә, е, о, ө, ұ, ү, ы, і, и, (у), ю, я, ё, э* дауысты дыбыстары мен өріптерін, содан соң *б, в, г, ғ, д, ж, ӡ, й, к, қ, л, м, н, ң, п, р, с, т, ф, х, һ, ц, ч, ш, щ, (у)* дауыссыз дыбыстары мен өріптерін айттып көріңдер. Қай дыбыстарды айтқанымызда ауа кедергіге ұшырамай, еркін өтеді екен?

Дауысты дыбыстарды айтқанымызды, аяа кедергіге ұшырамайды. Тек дыбыс қана естіледі.

Дауысты дыбыс қанша болса, оны таңбалайтын әріптер де сонша: *a, ә, е, ё, ю, я, и, о, ө, ү, ү, (у), ы, і*.

15-жаттығу. 1. Өлеңді кезектесіп оқындар.

—Қол деген не, қол деген?

—О, мықты ғой ол деген!

Жер жүзінде ғажаптар

Жасалады қолменен.

(*Нұрсұлтан Әлімқұлов.*)

2. Өлеңнің әр жолы бас әріптен басталады.

16-жаттығу. 1. Мақалды оқындар.

Тазалық бар жерде,

Денсаулық та болады.



2. Көшіріп жазындар.

3. Әр сөзде қанша дауысты дыбыс бар?

**Дауысты дыбыс буын құрайды:
а-та, а-на, ә-ке, і-ні.**

17-жаттығу. 1. Бір дауысты дыбыстар ғана тұратын сөздерді көшіріп жазыңдар. Сол буынның астын сзызыңдар.

Ана, ата, апа, аға, көке, тәте, қарыңдас.

2. Екі дауысты дыбыстың арасында бір дауыссыз дыбыс келіп түрғанын байқаңдар.

18-жаттығу. 1. Сөздерді буынға бөліп оқыңдар. Осы сөздердің бірінші буынында **а** дыбысының қатысып түрғанын байқаңдар.

Балық, вагон, вазелин, газет, дарын,
дыбыс, **тарыш, ғасыр, сабыр, самал, рақат,**
радио.

2. Қарамен жазылған сөздерді көшіріп жазыңдар, **а** әрпінің астын сзызыңдар.



Ы, / ДЫБЫСТАРЫНЫҢ ЕМЛЕСІ



Ы дауысты дыбысы дыбысталуы жағынан
қай дауысты дыбысқа үқсайды?

19-жаттығу. 1. Көп нүктенің орнына тиісті дауысты дыбысты таңбалаған әріпті қойып, сөздерді көшіріп жазыңдар.

...нта, алт..., т...мақ, шұғ...ла, шан...шқ...,
тараз..., алғашқ..., ...д...с.

2. *Ы* дыбысы жуан дауысты дыбыс екенін және ол сөздің барлық буындарында келе беретінін ескеріндер.

20-жаттығу. Көп нүктенің орнына тиісті дауысты дыбысты таңбалаған әріпті қойып, сөздерді көшіріп жазындар.

...Н, ...Н., кек...л, кек...л...к, мей...р...м, мей...з, бейб...тш...л...к, бөлт...р...к.

***І* дыбысы — жіңішке дауысты дыбыс және ол сөздің барлық буындарында келе береді.**

***Ы* дыбысы — жуан дауысты дыбыс.**

***Ы, і* әріптері сөздің барлық буындарында жазылады.**

21-жаттығу. Сөздерді оқып шығып, буындарды қосып жазындар. *Ы, і* әріптерінің астын сызындар.

1. Ын-та, дұ-рыс, жо-лау-шы, ба-қыт-ты.
2. Іл-гіш, дә-рі-гер, ү-шін-ші, мәр-те-бе-лі.

22-жаттығу. Көп нүктенің орнына *ы*, *і* әріптерінің тиістісін қойып, сөздерді көшіріп жазындар.

- | | |
|---------------------|--------------------------|
| 1. О-р...с—ө-р...с. | 2. С...б... р—С...б...р. |
| 3. Қ...р—қ...р. | 4. Құ-л...п—құ-л...п. |
| 5. ...с—...с. | 6. С...з—с...з. |



23-жаттығу. Төмендегі сөздерге тұсындағы буындардың тиістісін жалғап, көшіріп жазыңдар.

Бала, кірпі	/	-лер, -лар, -ні, -ны
Қыз, көз	/	-дің, -дың, -дар, -дер
Оқу, ер	/	-лік, -лық

24-жаттығу. 1. Сөздерді салыстырып оқыңдар. Сөздердегі дауысты дыбыстардың жуан немесе жіңішке екенін айтыңдар.

а — ə	ал — əл
а — ə	алды — əлді
а — ə	алдану — əлдену
ы — і	ысу — ісу
ы — і	тыссыз — тіссіз
ы — і	пысу — пісу

2. Қай дыбыстың өзгеруінен сөз мағынасы өзгергенін түсіндіріңдер.

25-жаттығу. 1. Көп нүктенің орнына -лын, -лін буындарының тиістісін жалғап, сөздерді көшіріп жазыңдар.

Құ... . Ке... . Жұ... . Же... .

2. Сөздің бірінші буынындағы дыбыстың жуан немесе жіңішке екенін айтыңдар.

 Кедергісіз айтылатын дыбыстар буын құрай ма? 

Қазақтың төл сөздеріндегі бірінші буында жуан дауысты дыбыс болса, келесі буындарда да жуан дауысты дыбыс болады: **жыл-қы-шы, қы-зыл-ша, был-қыл-дақ.**

Кейде сөздің алғашқы буыны жуан дыбысты болса, одан кейінгі буын жіңішке дауысты дыбыс болып келуі де мүмкін: **бал-балгер, қа-дір, қыз-мет.**

26-жаттығу. Көп нүктенің орнына жуан дыбыстардың тиістісін қойып, буынға бөліп жазындар.

...нта, ...қшам, ...нт...мақ, ...стық.

27-жаттығу. Көп нүктенің орнына жіңішке дыбыстардың тиістісін қойып, буынға бөліп жазындар.

...зет, ...лгіш, ...лім, ...рімшік, ...скер.

28-жаттығу. Сөздерді салыстырып оқындар. Ондағы дауысты дыбыстардың жуан немесе жіңішке екенін айтындар.

Ыс — іс	Құз — күз	от — ёт
Тіс — тыс	Тұс — тұс	сән — сан

29-жаттығу. 1. Өлеңді мәнерлеп, асықпай оқындар.

Мен тиіnmін, тиіnmін,
Қысқа жылы киіндім.



Қоймам толы жаңғаққа,
Іші жылы үйімнің.

(Нұрхан Жанаев.)

2. Алғаш өлеңдегі жуан дауысты дыбысы бар сөздерді теріп айттыңдар. Содан соң жіңішке дауыстылары бар сөздерді айттыңдар.

30-жаттығу. 1. Суретте не, кім бейнеленген?
Атын атаңдар.



Үйдис-аяқ

Іні-қарындас

2. Суреттің астындағы сөздерді қатыстырып, уш сөйлем құрап жазыңдар.



ДЫБЫСТАР ЖӘНЕ ӘРІПТЕР



У ӘРПІНІҢ ЕМЛЕСІ

31-жаттығу. 1. Өлеңді оқып, әңгіме кім, не туралы болып жатқанын мазмұндалап айттыңдар.

Жылауық, ау, жылауық,
Аңырама азаннан.
Мауқыңды бас бір ауық,
Тәтті әкелем базардан.

(Нұрсұлтан Әлімқұлов.)

2. У әрпі бар сөздерді теріп жазыңдар.
3. Бұл сөздерде у жуан естіле ме, жінішке естіле ме?

У әрпі дауыссыз дыбыстан кейін келсе, дауысты дыбысты таңбалайды: су, ну, ту, жу-сан, су-са-мыр.

32-жаттығу. 1. Төмендегі сөздерді буынға бөлінген қалпында оқыңдар.

Бу-фет, бу-да-бу-да, бу-рыл, ку-пе, ку-бок, қу-рай, қу-нақ, мұ-ра-жай, ру-мын, жу-ғыш, жу-сан-ға.

2. Әр сөзде неше буын бар?
3. У дыбысының дауысты дыбыстың орнына жұмсалғанын байқаңдар.

33-жаттығу. 1. Көп нүктенің орнына ү, у әріптерінің бірін қойып, жұмбақты көшіріп жазыңдар.

Тілімен ...атқан,
Т...мсығынан с... аққан.
С...ын іш те, қ...аттан.

(Өмірзак Қожамұратов.)

2. У дыбысы қай буында тұр?



34-жаттығу. Сөздік дәптерлеріңе төмендегі сөздерді қатесіз көшіріп жазыңдар.

- | | | |
|----------------|--------------|----------------|
| 1. Жау — жауу. | 3. Қу — қуу. | 5. Жу — жуу. |
| 2. Су — суу. | 4. Ау — ауу. | 6. Сау — сауу. |



И ЖӘНЕ Й ӘРІПТЕРІНІҢ ЕМЛЕСІ



35-жаттығу. 1. Сөздерді оқып шығыңдар.

Жуан сөздер:

Тақ **и** я

Уа-қ **и** -ға.

А- қ **и** -қат.

Жіңішке сөздер:

и не.

С **и** рек.

Б **и** ші.

2. *И* дыбысының бірде жуан, бірде жіңішке дыбыс болуының себебін түсіндіріңдер.

И дауыссыз дыбыстан кейін жазылады: жидек, сипалау.

36-жаттығу. 1. Көп нүктенің орнына тиісті әріпті қойып жазыңдар.

1. Қолымда он т...ын бар.
2. Ағаш басында т...ін көрдім.
3. К...імді таза к...ю керек.
4. Жіпті қайшымен қ....

2. Бір-біріне ұқсайтын сөздерді бір-бірінің тұсына жазыңдар.

И сөз басында жазылады: ит, иғілік, иек, ибалы.

37-жаттығу. 1. Жұмбақтардың шешуін табыңдар.

Ауызы жоқ, өзі жоқ,
Бірақ айтар сөзі көп.

P				O
---	--	--	--	---

Біздің үйде әдемі,
Әдемі бір айна бар.
Жердің жүзі дәңгелеп,
Сол айнада айналар.

T					I			R
---	--	--	--	--	---	--	--	---

(Өмірзак Қожамұратов.)

2. Жұмбақтардың шешуін торкөзге жазыңдар.

38-жаттығу. 1. Сөйлемдерді оқып шығыңдар.

1. Машинаның алдын кесіп өтпе. 2. Құстың үясына тиме. 3. Ине-жіпті өр жерге тастама.
4. Итмұрынның жапырағын жүлма.

2. И дыбысы бар сөздерді теріп жазып, и дыбысының астын сыйыңдар.



Й – дауыссыз дыбыс: тай, үй, тоғай.
Й – дауысты дыбыстан соң жазылады: қой, Қойлық, қарағай.

39-жаттығу. 1. Көп нүктенің орнына тиісті әріпті қойып, сөйлемді көшіріп жазындар.

1. Маш...на жақтан ш...қыл естілді. 2. Ас-қар — ш...кіл сары бала. 3. Апам матадан қ...ық алды. 4. К...ік — өте әдемі жануар.

2. Дыбысталуы бір-біріне жақын сөздерді теріп жазындар.

40-жаттығу. 1. Көп нүктенің орнына и әрпін қойып, оны бас әріптен бастап жазындар.

...балы оқушы. ...гі тілек. ...нелік ұшты. ...т жүзім. ...іс сабын.

2. Ибалы деген сөзде и дыбысы жуан айтылып тұр ма әлде жінішке айтылып тұр ма?

3. Игі деген сөзде ше?

4. И дыбысының астын сызындар.

41-жаттығу. 1. Өлеңді мәнерлеп оқып шығындар.

Күшік

Қуалайтын қойынды шын,
Күшіктің де ойын түсін.

Бір сүйекке таласып қап,
Тістетіпті мойын тұсын.
Шабаланып Бостайға кеп,
 Тағы жаман бастайды әдет.
 Қорқып жүрмін бүйте берсе,
 Көкем байлап тастай ма деп.



(Мекембай Омарұлы.)

2. Й дыбысы бар сөздерді теріп жазындар.
3. Й дыбысы қай дыбыстардан соң айтылып тұрғанына көніл бөліндер.

42-жаттығу. 1. Сөздерді салыстырып оқындар.

И ый



2. Й әрпінің қай дауысты дыбыстан кейін айтылып тұрғанын айтындар.

И дыбысының алдында ы, і дыбыстары естілгенімен, олар жазылмайды: жидек, жиек.



43-жаттығу. Көп нүктенің орнына и әрпін қойып, сөйлемдерді көшіріп жазыңдар.

1. Д...ірменгे бардық. 2. Біздің ауылда ж...де көп. 3. Ж...ырма — жұп сан. 4. Көп тамақ жеген өзіне з...ян.

44-жаттығу. Көп нүктенің орнына тиісті әріптерді қойып оқып шығыңдар да, көшіріп жазыңдар.

1. ...тмұрынның ...сі шықты. 2. ...інағашпен су тасыдық. 3. ...набат — қарындасты, ...слам — інім. 4. ...спания — өдемі ел.

45-жаттығу. 1. Сөздерді оқыңдар. И дыбысының жуан естілетінін байқаңдар.

Иман, иба, инабат, иық, ишара, илану, Фани.

2. Сөздерді көшіріп жазып, жуан дауысты дыбыстардың астын сызыңдар.

46-жаттығу. И дыбысының жіңішке оқылатынын байқаңдар.

Иек, илеу, изен, инелік, иіс, сирек, ниет.



Я мен Ю әріптерінің әмлесі



47-жаттығу. 1. Суреттерге қарап, олардың аттарын жазыңдар.



2. Осы сөздерді қатыстырып, үш сөйлем құрап жазындар.

48-жаттығу. 1. Сөздерді көшіріп жазындар.

Ая, аяз, мия, мияулады, боя, бояу, таянды.

2. Әр сөзде неше дыбыс бар екенін, сол сөздерде қанша әріп жазылғанын айтындар.

Я әрпі й + а сияқты қос дыбыстың орнына қолданылады: сия, қия, таяқ.

49-жаттығу. 1. Төмендегі сөздердің айтылуы мен жазылуын салыстырып оқындар.

Айтылуы:

а + й + а
а + й + а + з
т + а + й + а + қ

Жазылуы:

ая
аяз
таяқ

2. Бір әріппен екі дыбыс таңбаланып түрғанын байқадындар ма?



50-жаттығу. 1. Көп нүктенің орнына керекті әріпті қойып, сөйлемдерді көшіріп жазындар.

1. А...ғыңды анық бас. 2. Балапан ұ...да не көрсе, соны істейді. 3. Ұ...тсыз ұзақ ұйықтар.

2. Я әрпінің астын сызындар. Оның қай дыбыстардың орнына қолданылып тұрғанын айтындар.

Я әрпі сөздің басында, ортасында және соңында жазылады: яғни, яки, сия, Элия, қиямет.

51-жаттығу. 1. Сөйлемдерді оқып шығындар.

1. Япыр-ай, күн қызырып батты. 2. Қият аулында қияқ өседі. 3. Кісіге қиянат қылма. 4. Әмияның бар ма?

2. Я әрпі бар сөздерді теріп жазындар.

52-жаттығу. Жұмбақты оқып, шешуін табындар. Көп нүктенің орнына тиісті әріпті қойып жазындар.

Алты ай қыс, алты ай жаз,
Сандығымда сары а...з.

(Қастек Ба...нбаев.)

53-жаттығу. 1. Оқып шығыңдар.

1. Күзде, жияды, егіндерін, диқандар.

2. Киген, жарасады, тақия.

3. Оянады, Болат, ерте.

2. Берілген сөздерден сөйлем құрандар.

Үлгі: Диқандар егіндерін күзде жияды.

54-жаттығу. 1. Суреттерге қарап, олардың аттарын айтыңдар.



2. Аю, ою, юбка сөздерін қатыстырып, сөйлем құрандар.

Ю әрпі **й + у** сияқты қос дыбыстың орнына қолданылады: **аю, сую, қилю, килю, көркею.**

55-жаттығу. Төмендегі сөздердің айтылуы мен жазылуын салыстырып оқыңдар. Бір әріппен екі дыбыс таңбаланып тұрғанын байқадыңдар ма?

Айтылуы:

а + й + у

ба + й + у

сарға + й + у

Жазылуы:

аю

баю

сарғаю



56-жаттығу. 1. Көп нүктенің орнына керекті әріпті қойып, сөйлемдерді көшіріп жазындар.

1. Қо..., қалың қолеңке. 2. О...шы ою ояды.
3. Сұттің ұ...ы қын. 4. Төсек жи...ға әдеттен.

2. Ю әрпінің астын сызындар. Ю әрпінің қайдыбыстардың орнына қолданылып тұрғанын айттындар.

Ю әрпі жуан буынды сөздерде жуан, жіңішке буынды сөздерде жіңішке түрде қолданылады: тию, тыю.

57-жаттығу. 1. Сөздерді оқындар.

Жаю, шаю, қилю, тою, құю, баю, тую.
Килю, тилю, ию, ою, таю.

2. Ю дыбысы жуан естілетін сөздерді бірінші қатарға, жіңішке естілетін сөздерді екінші қатарға жазындар.

Үлгі:

1. Жаю, ...
2. Тую, ...

58-жаттығу. Жұмбақты оқып, шешуін табындар. Көп нүктенің орнына тиісті әріпті қойып жазындар.

Күмбез көлік — жеккенім,
Тәмен қарай беттедім.
(параш...т, параш...тист).



ДАУЫССЫЗ ДЫБЫСТАР

Айтқанда кедергіге ұшырап шығатын дыбыстарды дауыссыз дыбыстар дейміз.

59-жаттығу. Дауыссыз дыбыстардың түрлерін оқыңдар.

Дауыссыз дыбыстар (26)		
ұнді дыбыстар (7)	ұяң дыбыстар (8)	қатаң дыбыстар (11)
л	б	п
р	в	с
й	г	т
м	ғ	к
н	д	қ
ң	з	х
у (ү)	ж	ф
—	һ	ц
—	—	ш
—	—	ч
—	—	щ

60-жаттығу. 1. Сөздердегі көп нүктенің орнына тиісті әріптерді қойып, көшіріп жазындар.

...өз, ...ар, ...ат, ...утбол, ...ирк, ...ана, ...емпион.

2. Жаттығудағы қатаң дыбыстардың қатарын оқындар.



Л, р, й, м, н, ң, у — дауыссыз дыбыстардың қай түріне жатады?

61-жаттығу. 1. Сөздерді салыстырып оқындар.

П-Б: қап-қабы, теп-тебеді.

К-Г: көк-көгі, ек-егін.

Қ-Ғ: ақ-ағы, құрақ-құрағы.

Т-Д: топ-тобы, доп-добы.

2. Дауыссыз дыбыстарды салыстырындар.

3. Қатаң дауыссыздардың үяң дыбыстарға айналуына көніл бөліндер.

62-жаттығу. 1. Әріптердің дұрыс жазылуын салыстырындар.

б	в	п	ф
бала	вагон	поезд	фабрика
беле	вокзал	пән	Фазыл
бота	Әуезов	піл	буфет

2. Үяң, қатаң дыбыстан басталған сөздерді атаңдар.



63-жаттығу. Сөздегі көп нүктенің орнына тиісті әріптердің бірін қойып, көшіріп жазындар.

...ак, ...адио, ...од, ...ай, ...ан, а..., бесе....

Тиісті әріптер: л, р, й, м, н, ң, у.

**Әріптерді бірінің орнына бірін ша-
тастырып жазбау керек. Аудисқан
жағдайда сөздің мағынасы өзгеріп
кетеді.**

64-жаттығу. Сөздерді оқып шығындар.

Дала-тала, бұл-пұл, сай-шай,
гүл-қүл, со з-сөз, ұлы-ұлы.

65-жаттығу. 1. Сөздердегі *г-f*, *к-қ*, *h-x* дауыссыз дыбыстарын салыстырып оқындар.

Г — f

Грамм — **f**алым
Гитара — **f**ажайып

К — қ

Көже**к** — **қ**аза**қ**
Кере**к** — **қ**ара**қ**

h — x

қа**h**арман — **x**ат
Гай**h**ар — **X**амит

2. *Г-f*, *к-қ*, *h-x* дауыссыз дыбыстарының үқсас жақтарына көніл бөліндер.





Б, П ӘРІПТЕРІНІҢ ЕМЛЕСІ

66-жаттығу. 1. Бір-біріне дыбысталуы ұқсас сөздерді теріп жазыңдар:

1. Сені Алпамысқа балау керек. 2. Бүгін палау ертерек пісті. 3. Ол ертегідегі пері қызға ұқсайды. 4. Марат былтырдан бері келген жоқ.

Үлгі: балау,

2. *Б, п* әріптерінің ұқсас екенін байқаңдар.

Б дыбысы — ұяң дауыссыз дыбыс.

Б дыбысы сөздің басында да, ортасында да, соңында да қолданыла береді: бала, балапан, барабан, араб.

67-жаттығу. Көп нүктенің орнына тиісті әріптерді қойып, жұмбақтарды көшіріп жазыңдар.



...ір ананың ...ес ұлы,
Мәңгі ...ірге ...есігі.

...ыр-...ыр,
Үшкір тырнағы,
Тышқан оның құр...аны.

(Сұлтан Қалиев.)

68-жаттығу. 1. Өтірік өлеңді оқып шығындар.

Бота отыр шіреніп,
Борсық айдал кемені.
Бытпылдықтап бір елік
Бура мініп келеді.

2. Б әрпі бар сөздерді теріп жазындар.

3. Бытпылдықтап деген сөзді буынға бөліп жазындар.



П дыбысы – қатаң дыбыс.

П дыбысымен аяқталған сөздерге дауыстыдан басталған қосымша жалғанса, п дыбысы б-ға айналады:

кіта^п – кіта^бы, қа^п – қа^бы

69-жаттығу. 1. Оқып шығындар.

1. Шөп ордық. 2. Шөбіміз бес баудан асты.

3. Біз көп болатынбыз. 4. Бірақ шөптің көбін Бекжан Бектасов орды.

2. П дыбысы б-ға айналған сөздерді теріп жазындар.

3. Сөздердің соңында келген п әрпінің астын сыйзындар.

70-жаттығу. Өлеңді оқып, көшіріп жазындар.

Дүние де өзі, мал да өзі,
Фылымға көніл бөлсөніз.
Білгендердің сөзіне
Махаббатпен ерсеңіз...

(Абай.)

Сөз соңында б естілгенімен, п әрпі жазылады: доп, сап, қап, мектеп, шөп.

71-жаттығу. 1. Өлеңді оқып шығындар.



Жеті жасар баласын
Жетпісте шал жетектеп.
Келе жатыр көшеде
«Қайды өлгі мектеп?» — деп.
Балам, балам, жақсы бол,
Міне, сенің мектебің.
Сабағыңа зейін сал,
Ақылды бол, тентегім.

(Қасым Аманжолов.)

2. Асты сызылған сөздердің түбірін атаңдар.

72-жаттығу. Көп нұктенің орнына б, п әріптерінің тиістісін қойып жазындар.

- ...аян — әдепті қыз.
- ...ұл — жақсы бала.
- Қазандағы ет....істі.
- Біз сор...а іштік.



Д, Т ӘРІПТЕРІНІҢ ЕМЛЕСІ

73-жаттығу. 1. Төмөндегі сөздерді салыстырып оқыңдар.

дарак — тарақ
дара — тара
дау — тау

дәуір — тәуір
дән — тән
доп — топ

2. Сөздердің мағыналарын өзгерткен қай дыбыстар? Әр сөзде неше буын бар?

74-жаттығу. 1. Айтылуы бір-біріне жақын сөздерді теріп жазыңдар.

1. Бәріңмен **дос** болғым келеді. 2. Бір жақсы сөз естігің келсе, құлағыңды **tos**. 3. Құстар **дүр** сілкінді. 4. Жақсының айтқанына құлақ **тұр**.

2. Сөздердің басында келген **д, т** әріптерінің астын сыйыңдар.

3. *Дос, тос, дүр, тұр* сөздері неше буынды сөздер?

75-жаттығу. 1. Әуелі мына сұраулы сөйлемдерге жауап беріңдер.

1. Егінді кім егеді және жинайды?
2. Күйші қай ұлттық музыкалық аспаптарды тартады?
3. Қай құстар ауылға ұшып келеді?



2. Енді осы суреттер бойынша сөйлем құраңдар.

76-жаттығу. 1. Төмендегі сөздерді алфавит ретімен сөздіктеріңе жазыңдар.

Телефон, далада, партада, ата, отан, раушангүл, билеттердің, өрмекші.

2. Алфавиттегі әріптердің аталуы бойынша жоғарыдағы сөздердің бірінші әрпін атаңдар.

**Әріптердің атын дұрыс атаңдар:
т (те), д (де).**

77-жаттығу. Сөздердегі көп нүктенің орнына *д*, *т* дыбыстарының тиістісін қойып, көшіріп жазыңдар.

Кесе, шыны, пияла —
Оларсыз шай құя ма?
Қасықсыз тамақ жемей...и,
Бәрінің атын не ...ей...и?



78-жаттығу. 1. Екінші қатардағы буындарды көп нүктенің орнына қойып, сөздерді көшіріп жазыңдар.

1. ...быра, ...бет, ...рия, ...разы, ...па, ...қа.
2. дом, тө, да, та, қак, тұт.

Үлгі:

Домбыра, ...

2. Д, т әріптерінің астын сыйыңдар.



K, Г, Қ, F әріптерінің емлесі

79-жаттығу. 1. Сөйлемдерді мәнерлеп оқыңдар.

1. Жаннұрдың қолында қасық бар. 2. Оның қасығы — күміс қасық. 3. Кіруге кезек алдың ба? 4. Ер кезегі үшке дейін. 5. Ақ қалпақ килемін. 6. Нұрланның қалпағы өзіне жарасып тұр.

2. Сөйлемдердің қай сөздерінде қ-f, к-g әріптері жазылған?

1. К, г дыбыстары жіңішке дауысты дыбысы бар сөздерде айтылады және жазылады: *күрек*, *пікір*, *гүл*, *кереге*.

2. К, қ дыбыстары сөздің барлық буындарында жазылады: *көктем*, *есік*, *каз*, *қасқыр*, *қонақ*.

3. Г, ғ дыбыстары сөздердің бастапқы буындарында жазылады: *гараж*, *газ*, *газет*, *ғажап*, *ғалым*.

4. Г, ғ дыбыстары сөздердің екінші, үшінші буындарында да айтылады және жазылады: *се-гіз*, *қа-ғаз*, *атбекі*, *барлығы*.

80-жаттығу. 1. Өлеңді оқып, *Г*, *ғ*, *қ*, *к* әріптерінің тиістісін қойып, көшіріп жазыңдар.

Бесік жыры



Айналайын, шыра $\frac{Г}{ғ}$ ым,
 $\frac{К}{қ}$ өлге біткен $\frac{К}{қ}$ ұрағым.
Маңдайда $\frac{Г}{ғ}$ ы $\frac{К}{қ}$ үндышым,
Аспанда $\frac{Г}{ғ}$ ы жұлдызым,
Әлди-әлди, әлди-ай!

2. Өлеңді жаттап алыңдар.



81-жаттығу. 1. Оқып шығыңдар.

Білесің бе?

К: 1. Кенимехте ағайындарымыз жасайды.

Г: 2. Гүлстанда кілем тоқиды.

Қ: 3. Төлеген Айбергенов Қарақалпақстанда туылған.

Ғ: 4. Фазалкент — аудан орталығы.

2. Сөйлемдерде *к*, *г*, *қ*, *ғ* әріптерінен басталағын жер аттарын атаңдар.

82-жаттығу. 1. Сөйлемдерді көшіріп жазыңдар.

Жер аттарын білесіңдер ме?

К: 1. Жызақ жерінде күн ысыды.

Г: 2. Гүлстан — Сырдариядағы қала.

Қ: 3. Қарақалпақстан — бақытты ел.

Ғ: 4. Фазалкент — өсем қала.

2. Бұл сөздердегі *к-г*, *қ-ғ* әріптері қай буындарда келіп тұр?

83-жаттығу. 1. Төмендегі сөздерден сөйлем құраңдар.

Көгершін, күйші, гүлзар, гүлшоқ, әңгіме, қар, қаршиға, қас-қабақ, ғасыр, жағалау, ғылым.

2. Осы сөздердегі *к-г*, *қ-ғ* әріптері қай орындарда келіп тұр?





Л, Р ӘРІПТЕРІНІҢ ЕМЛЕСІ

84-жаттығу. 1. Сөздердің орнын ауыстырмай оқындар.

Л әрпі: лай, лала, марал, құлак, қышқыл, өлең, ол, олжа, олимпиада.

Р әрпі: рауғаш, райхан, ор, орамал, мөлдір, мөніреді, өрік, құрак, рақмет.

2. Л, р әріптерінің сөздің қай буынында келіп түрғанын айтындар.

85-жаттығу. 1. Мәтінді оқындар.

Айдар мен Ораз бірге келе жатты. Бір кезде Айдар сүрініп кетті. Ол жерге ұшып түсті. Ораз бұған қарқылдап құлді. Содан кейін досына ақыл айта бастады:

— Байқап жүру керек. Әйтпесе мертігіп қаласың.

Сол-ақ екен, өзі де оқыс сүрініп кетті. Бірақ Айдар оны сүйеп қалды.

2. Мәтінге ат қойып көшіріндер.

3. Л, р әріптерінің астын сызындар.

Сөз басындағы л, р әріптерінің алдынан ы, і дыбыстары естілгенімен, олар жазылмайды: лақ, лай, рас, рениш, рет, рақмет.

86-жаттығу. 1. Сөздегі көп нүктенің орнына тиісті әріптерді қойып, өлеңді көшіріп жазыңдар.

Сап-са...ы боп сабағы,
Иісі мұ...ын жа...ады.
Ті...ді үйі...іп ба...татып,
Қойды бізді тамсантып.
Пісіп қапты әңге...ек,
Доптай бо...ып дөңгे...ек.

(«Балдырығаннан».)

2. Осы сөздердегі *r*, *л* әріптері сөздің қай орындарында қолданылған?

3. Өлеңге ат қойыңдар.



87-жаттығу. 1. Төмөндегі мәтінді оқып шығыңдар.

Ауыл жанында өзен бар. Өзен беті қашан көрсөң де мәлдірейді де жатады. Түбі малта тас, лай болмайды. Күн жылып, біздің ауыл балалары сол өзеннің басында болады. Оның күнгей жағасындағы көк майса — асыр салатын жеріміз.

2. Мәтіндегі *л*, *r* әріптері бар сөздерді теріп жазыңдар.

3. *Л*, *r* әріптерінің сөздің барлық буындарында қолданыла беретінін есте сақтаңдар.

4. Мәтінге ат қойыңдар.

88-жаттығу. 1. Сөздерді оқындар.

Лебіз, лашын, ел, қарлығаш, рас, Жарас, балалар.

2. Осы сөздерді қатыстырып төрт-бес сөйлем күраңдар.



СӨЗ ЖӘНЕ БУЫН



89-жаттығу. 1. Суреттегі заттардың атын атаңдар.



...алық



...ық



...дыс



...ан

2. Осы сөздердің бірінші өріптерін құрасақ, қандай сөз болады?

3. Қазақ тілінде қанша өріп бар? Қанша дыбыс бар?

4. Дауысты дыбыстарды атаңдар.

90-жаттығу. 1. Мақалдарды оқындар.

Отан от басынан басталады.

Туған жер — алтын бесік.

2. Сөздерді буынға бөліп, сызықша қойып, ажыратып жазындар.

3. Буын қандай дыбысқа байланысты жасалады?

91-жаттығу. 1. Мына сөздерді буынға бөліңдер.

Ата, ана, әке, әже, аға, әпке, қарында, іні.

Үлгі: а-та,

2. Дауысты дыбыстың жеке тұрып буын құраған сөздерін атандар.



Сөздің дауысты дыбысы бар бөлшегін буын дейміз. Сөз буыннан құралады. Буын дыбыстардан құралады.

92-жаттығу. 1. Буынға бөліп, көшіріп жазыңдар.

Лак, бұзау, қой, ешкі, от, Отан, бір, бірлік, су, сусын, ар, арба.

Үлгі: лак, бұзау,

2. Бұл сөздер неше дыбыстан құралған?

93-жаттығу. 1. Төмендегі сөздерді буынға бөлінген түрінде оқып, осы күйінде көшіріп жазыңдар.

А-дам-дар күз-гі қыр-ман ба-сын-да.

Ас-тық та, мақ-та да мол бо-ла-ды.

Жа-пы-рак жер-ге ү-зі-ліп түс-ті.

Шым-шық-тар күз кел-ге-нін се-зе бас-тап-ты.

2. Әр сөзде неше буын бар екенін айтыңдар.



94-жаттығу. 1. Сөздерді көшіріп жазындар.
Дауысты дыбыстардың астын сзыныңдар.

Төрт. Салма. Қарама. Баспа. Терме. Айтпа. Қалма. Отыр. Секірме. Қүреме. Ойнатпа. Құрама. Салыстыр. Таныма. Шыдама. Теппе. Тістеме.

2. Эр сөзде неше дауысты дыбыс бар?
3. Эр сөзде дауысты дыбыстың болуына қарай неше буын болуы мүмкін?

Сөзде қанша дауысты дыбыс болса, сонша буын болады. Эр буында бір дауысты дыбыс болады: ал-ма, кө-гершін, құс, қа-ғаз, қа-ла, лақ.

95-жаттығу. Көп нүктенің орнына тиісті дауысты буындардың бірін қойып, көшіріп жазыңдар.

Бұ..., кө..., жұ..., жа..., ас..., бі..., ба....

Тиісті буындар:
-ше, -лақ, -лау, -мыс, -лім, -паз, -ла.

Үлгі:

Бұлақ, ...





ТАСЫМАЛ



Жазғанда бір жолға сыймай қалған сөздерді қайтеміз?

Жазғанда бір жолға сыймай қалған сөздерді буынға бөліп, келесі жолға тасымалдап жазамыз. Тасымалданатын буыннан бұрын жарты сызықша (-) қойылады: жа-лау, ел-таңба, ән-ұран.

Бір буынды сөздер тасымалданбайды: ән, күй, жыр, ат, жаз.

96-жаттығу. Тасымалдауға болатын сөздерді буынға бөліп, теріп жазыңдар.

Ай, аспан, күн, күміс, жан, Жанар, жап, жапырақ, сын, ал, алма.

Үлгі: ас-пан, ...

97-жаттығу. 1. Сөздерді бірінші буыннан тасымалдап жазыңдар.

Ата, ана, кезекші, тасымал, Марат, Алпамыс, орындық, дәрігер, көбелек, әке.

Үлгі: а-та, Ма-рат, ...

2. А-та, а-на, ә-ке деген сөздердегі алғашқы буын бір дауысты дыбыстап құралып тұрғанын айтыңдар.

98-жаттығу. 1. Жұмбақтардың шешуін табыңдар.

Ашы емес, тәттімін,
Бос та емес,
қаттымын.
(...)

Бейбітшілік құсы деп,
Атайда оны барша
жүрт,
(...)

2. Буынға бөлгендеге арасына жарты сызықша қойып, бөліп жазыңдар:

Үлгі:

А-шы е-мес, ...



99-жаттығу. 1. Оқып шығыңдар. Неліктен бұл сөздерді тасымалдауға болмайды?

Өрік, ата, ана, әке, әкім, ақын, егін, ұя, есік, қыс, жаз, жыл, таң, күз, әлем.

2. Көшіріп жазыңдар. Дауысты дыбыстардың астын сызыңдар.

100-жаттығу. 1. Көшіріп жазыңдар.

ба-	бала-	балалар-
-ла-лар	-лар	-ға
кө-	кө-гершін	көгершін-
-гер-шін		-нің

2. Осылайша тасымалдауға бола ма?

3. Дауысты дыбыстардың астын сызыңдар.

101-жаттығу. 1. Өлеңді жаттап алындар.

Нұкте

Нұкте деген — пайымды,
Батыл тыныс белгісі.
Аяқтамай ойынды,
Келмейді оның көнгісі.

Ол сөйлемнің соңында
Тұрмайды құр сәндікке.
Әрбір істің соңында
Болу керек бір нұкте.

(Қ. Мырзалиев.)

2. Осы өлеңдегі сөздердің қайсысын тасымалдауға болмайды?



БАС ӘРІППЕН ЖАЗЫЛАТЫН СӨЗДЕР



АДАМ АТТАРЫНЫҢ БАС ӘРІПТЕН БАСТАП ЖАЗЫЛУЫ



Қай сөздер бас әріптен басталады?

102-жаттығу. 1. Сөйлемдерді оқындар.

Елімізде атақты азаматтар көп. Ағытай Әділов, Серікбай Сағатов сияқты ағалар — қаһарман ағалар. Азат Шарафиддинов, Еркін

Вахидов, Абдулла Ариповтар да — елге еңбегі сіңген қаһарман аталарымыз.

2. Адам аты мен фамилиясын табындар.

3. Адам аты мен фамилиясының қандай әріп-пен жазылғанын айтындар.

Адамның аты-жөні бас әріpten бастап жазылады: Әлішер Науай, Абай Құнанбайұлы.

103-жаттығу. 1. Оқып шығындар. Қатесіз көшіріп жазындар.

Икрам мен Бақыт қалаға барды. Қаладағы зәулім үйлерді көріп, қуанып қайтты. Алдағы уақытта Асылбек пен Әміртай да астанаға барып қайтпақ.

Мұрат, Мақсаттардың оларға өуесі келді.

2. Қалаға барған балалардың атын атаңдар.

3. Олардың есімдері қай әріптен басталыпты?

104-жаттығу. 1. Мәтінді оқып шығындар.

Балалардың ішіндегі ең кішісі Сәулеш көрші балалармен келісе алмай-ақ қойды. Бұған, көбінесе, Сәулештің өзі кінәлі. Міне, бүгін де Омарға тиісіп, оған мұрнын тыр-

житты. Ара түскен Жанарға, Жұлдызға тілін шығарды.

2. Адам аттарын атап, оған сұрақ қойындар.
3. Адам аттарын теріп жазындар.

Үлгі:

Сәулеш, ...

105-жаттығу. 1. Жаңылтпаштағы көп нүктенің орнына *Tұраш*, *Бораш*, *Жарас*, *Рәш* аттарының тиістісін қойып, көшіріп жазындар.

Дұрыс деп ... айтты,
Бұрыс деп ... айтты,
Жалған деп ... айтты,
Рас деп ... айтты,
Қайсысы жалған айтты,
Қайсысы рас айтты?!

(Қадыр Мырзалиев.)

2. Адам аты-жөнінің бас әріптен басталғанына тағы да көңіл бөліндер.



ЖЕР-СУ АТТАРЫНЫҢ БАС ӘРІППЕН ЖАЗЫЛУЫ



Жер-су аттары қай әріптен басталады?

106-жаттығу. 1. Сөйлемдерді көшіріп жазыңдар.

1. Ташкент — еліміздің астанасы. 2. Саларқан — өте көне қала. 3. Шыршық, Сырдария, Әмудария — үлкен өзендер. 4. Мырзашөл — мақталы өлке. 5. Қаратай, Құраматау, Шымған — таулы аймақта орналасқан таулагымыз.

2. Бас әріптен бастап жазылған сөздердің астын сыйыңдар.

Жер-су аттары бас әріптен бастап жазылады: Ферғана, Зарафшан, Үшқұдық, Қарасу.

107-жаттығу. Өзен аттарын алфавиттік тәртіппен көшіріп жазыңдар.

Әмудария, Ангрен, Сырдария, Зарафшан, Қарасу, Бозсу, Шыршық, Ақсақата, Топалаңдария.

108-жаттығу. Көп нүктенің орнына сөйлемнің мағынасына орай төмендегі сөз тіркестерін қойып жазыңдар.

1. Ташкент — ... деген сөз.
2. Шымкент — ... деген сөз.

3. Заркент — ... деген сөз.
4. Паркент — ... деген сөз.

Тиісті сөздер: шым қала, перілер қаласы, тас қала, зер қала.

Сөздікпен жұмыс. Шым, зер, пері деген сөздерді сөздік дәптерге жазыңдар.



ҚАЛА, АУДАН, АУЫЛ ЖӘНЕ ҚӨШЕ АТТАРЫНЫҢ БАС ӘРІППЕН ЖАЗЫЛУЫ

109-жаттығу. Сұрақтарға жауап жазыңдар.

- Қандай аудан мен қала аттарын біле-
сіңдер?
- Қай ауданда (қалада) жасайсыңдар?
- Қай көшеде тұрасыңдар?
- Қандай кітап оқып жүрсіңдер?

110-жаттығу. 1. Көп нүктенің орнына тиісті қосымшаларды қойып, сөйлемдерді көшіріңдер.

1. Сіргелі ауданы, Қып... ауылы. 2. Боқа ауданы, Дәу... елді мекені. 3. Қыбы... ауданы, Дархан елі. 4.құдық ауданы, Әйтім елі.

Тиісті қосымшалар: -рай, -лет, -шак, үш.

2. Аудан, ауыл, ел аттарының астын сызыңдар.

111-жаттығу. 1. Сөйлемдерді оқыңдар.

1. Әлішер Науай атындағы даңғыл. 2. Абай Құнанбайұлы атындағы көше. 3. Төле би Әлібекұлының кесенесі. 4. Шоқан Үәлиханов атындағы көше.

2. Бұл кісілер кімдер?

3. Даңғыл, көше, кесене аттарын көшіріп жазыңдар.

Ұлғі: Абай Құнанбайұлы, ...



112-жаттығу. 1. Оқып шығыңдар. Көшіріп жазыңдар.

1. Шахрисабз қаласы. 2. Әмір Темір алаңы. 3. Бабыр атындағы көше. 4. Ұлықбек махалласы. 5. Айбек атындағы мектеп. 6. Әкем «Киелі қан» романын оқып шықты.

2. Бас әріптен басталған сөздердің астын бір сзыңдар.

113-жаттығу. Төмендегі сұрақтарға жауап беріңдер.

1. Ит пен күшігіңің, мысығыңың аты не?

2. Сирыңың аты, атыңың аты не?

114-жаттығу. 1. Сөйлемдерді көшіріп жазыңдар.

1. Мойнақ алыстан үріп-үріп қойды. 2. Бұл шабаланып үрген Мойнақ емес, Құттөбет қой.

3. Менің күшігімнің аты — Бөрібасар. 4. Байқоңырдың желінінен сұт сызаттап, тамшылап ағып барады. 5. Саққулақ тісін ақситты.

2. *Ит, күшік, сиыр* аттарына алдымен сұрақ қойындар. Соңынан оның астын сызындар.



ЖАН-ЖАНУАРЛАР МЕН ҮЙ ХАЙУАННАТТАРЫ АТТАРЫНЫҢ БАС ӘРІППЕН ЖАЗЫЛУЫ

Жан-жануарлар мен үй хайуанаттарының аттары бас әріппен бастап жазылады: Қабылан, Сырттан, Жолбарыс.

115-жаттығу. Сөйлемдерді оқындар.

1. Байшұбар — Алпамыстың жалы ұзын, әдемі аты. 2. Бозжорғаның желісі қандай тамаша! 3. Құлагер — Ақан Серінің жүйрік тұлпары. 4. Ақтүяқты ерттеп мінгенде, бар бала қызығып қарап тұрды.

116-жаттығу. Көп нүктенің орнына тиісті сөздерді қойып, сөйлемдерді көшіріп жазындар.

1. «Шөк» дегенді үқпайтын, үй маңынан әрі шықпайтын тайлағымның аты —

2. Біздің ...тің үріп тұрып қашатыны қызық.
3. ... қаңғып кеткен соң, терезенің алдында ... тілімен үш тал мұртын ширатып отыр.

Тиісті сөздер: Ақтөс, Ақтайлақ, Мамық, Қарабас.



СӨЗ



СӨЗ ЖӘНЕ ОНЫҢ ҚҰРАМЫ

117-жаттығу. 1. Сөздердегі көп нүктенің орнына мал, тәбе, су, кет сөздерінің тиістісін қойып, сөйлемдерді көшіріп жазындар.

1. ... ақты. 2. ... өріске шықты. 3. Алыстан ... көрінді. 4. Арықтың алдынан өрі

2. Көп нүктенің орнына қойылған сөздердің мағынасын білесіңдер ме?

**Сөз – белгілі бір ұғымның атауы:
алма, қарлығаш, қызыл, он екі.**

118-жаттығу. 1. Сөйлемдерді оқып шығындар.

1. Сушы мақтаға су таратты. 2. Малышы мал қайырды. 3. Машина төбешікті айналып өтті. 4. Қолыңдағы кірді кетір.

2. Асты сызылған сөздердің су, мал, тәбе, кетір деген сөздермен мағынасы бірдей ме?

3. Сөздерді салыстырып оқындар:
су — сушы мал — малши
тәбе — тәбешік кет — кетір

Сөз буындардан құралады.

119-жаттығу. 1. Сөйлемдерді көшіріп жазындар.

1. Тасбақа жолда келеді. 2. Біз Хайуанаттар паркінде түйекұсты көрдік. 3. Бүгін — демалыс күні. 4. Әскерлер шекара құзетінде тұр.

2. Екі түрлі түбір сөзден құралып тұрған сөздердің астын сыйындар.

120-жаттығу. 1. Сөйлемдерді оқындар.

1. Шаң-сорғыш — үйді ылғи тазартып тұрады. 2. Күн-бағыс күннен көзін алмайды. 3. Құрке-тауық — үй құсы. 4. Көкеммен шахмат ойнаймын. 5. Бәріміз тәлім алатын жер — кітап-хана.

2. Асты сыйылған сөздерді біріктіріп, теріп жазындар. Сөздердің екі түрлі түбірден құралып тұрғанын есте сақтаңдар.



Сөздердің буын құрамы да, дыбыс құрамы да әр түрлі болады: *ай, айна, айнала, су, сушки, сұлық*.

121-жаттығу. 1. Төмендегі кестені оқып шығындар.

Сөз құрамы

түбір сөз	қосымша-лы сөз	қос сөз	біріккен сөз	қысқарған сөз
ата	анамыз	ата-ана	тасбақа	Газ-51
бір	бірлік	бір-бірден	асқазан	ТашМУ
сары	сарылау	сап-сары	итмұрын	Ту-104
той	тойға	қора-қора	Сырдария	ТМД

2. Қазақ тілінің сөздік құрамы қай сөздерден тұрады екен?

122-жаттығу. 1. Төмендегі сөздерді оқып шығындар.

ат	ата	қант	терезе
ел	қар	қарт	жоғары
он	екі	төрт	домбыра

2. Осы сөздердің бәрі де түбір сөз екендігін есте сактаңдар.

123-жаттығу. 1. Сөйлемдерді көшіріңдер.

1. Ат, атқа, атта, ата, атаға, атада.

2. Қар, қардың, қармен, қара, қараның, қарамен.

2. Ат сөзі қандай үғымды білдіреді?



Түбір сөздің дыбыстық жағы бірдей бола бермейді: қант, қара, шағала.

124-жаттығу. Сөздерді оқып, буын санына қарай бөліп жазыңдар.

Су, жапырақ, бала, құрылышы, сай, мұғалімдер, бөбек, нағашы, сән, қорытынды, баспалдақ, алты, кел.

Үлгі:

Бір буынды сөз: кел, ...

Екі буынды сөз: алты, ...

Үш буынды сөз: баспалдақ, ...

Төрт буынды сөз: қорытынды, ...

125-жаттығу. 1. Төмендегі сөздерді салыстырып оқыңдар.

Түбір сөз

аң
ән
қой
домбыра

Қосымшалы сөз

аңшы
әнші
қойшы
домбырашы

2. Түбір сөздің мағынасын өзгертіп түрған бөлшектерді айтыңдар.

3. Түбір сөз қандай сұраққа, қосымшалы сөз қандай сұраққа жауап беріп түр?

4. Сөздердің айырмашылықтарын анықтаңдар.



Сөздің бөлшектерге бөлінбейтін бөлігі түбір сөз болады: гүл, он, қызыл, кел.

126-жаттығу. 1. Көп нүктенің орнына -шы, -ле, -лар, -дың, -ның бөлшектерінің тиістісін қойып жазыңдар.

1. Қой... қой бақты. 2. Сен орындықты шеге.... 3. Бала... ойнады. 4. Мұнай... пайдасы көп. 5. Машина... дәңгелегі.

2. -шы, -ле, -лар, -дың, -ның бөлшектерінің мағынасы жоқ екенін ескеріңдер.

Түбір сөзден кейін қосылған сөз бөлшектері қосымша болады: балалық, бала-лар, бала-ның, оқушы-мыз.

127-жаттығу. 1. Қосымшаларды түбірге қосып, көшіріп жазыңдар.

темір-ші	мақта-шы	су-сын
темір-ді	мақта-ның	су-ғар
темір-ге	мақта-ға	су-сыз
темір-дің	мақта-да	су-ат

2. Қосымшалардың астын сыйыңдар.

3. Түбір сөзден кейін қосылып түрған бөлшектерді атаңдар.



128-жаттығу. Өлеңді оқындар. Қарамен жа-зылған сөздердің түбірін жарты сызықшамен бөліп, көшіріп жазындар.

Күшік

Үлкенге де, **кішіге**
Үріп келе жатады.
Таяқ алсан, **ініне**
Кіріп бара жатады.

(Өмірзак Қожамұратов.)



129-жаттығу. 1. Өлеңді көшіріп жазындар.

Жатыр өсем көл тұнып,
Көзіндей жас **ботаның.**
Құшақтаймын толқынын,
Қуанышқа батамын.
Жағадағы тал-құрақ
Өзін содан көреді.
Қозылардай жамырап
Құстар ұшып келеді.



(«Балдырығаннан».)

2. Қосымша жалғанған сөздердің түбірлерін айтындар. Бұл сөздерге қосылған қосымшалардың астын екі сызындар.

3. Өлеңге не деп ат қояр едіндер?

130-жаттығу. 1. Төмендегі сөздерге *-ші*, *-шы*, *-қыш*, *-ғыш*, *-гіш*, *-лау*, *-тай* қосымшаларының тиістесін қойып көшіріңдер.

Ат, сары, біл, жаз, айт, жау, сурет.

2. Қосымшалардың астын екі сызыңдар.



ЖҰРНАҚ ПЕН ЖАЛҒАУ

Қосымша жұрнақ пен жалғау болып екіге бөлінеді.

131-жаттығу. 1. Асты сызылған сөздерге мән беріңдер.

1. Қой жайылып жүр. 2. Оны жайып жүрген — қойшы көкем. 3. Ангренде кен бар. 4. Кенші көмір қазады.

2. Қой — қойшы, кен — кенші сөздері неше ұғымды білдіріп тұр? Бір ұғымды ма, екі ұғымды ма?

3. Бұл сөздердің негізгі түбірлері қандай сөз?

Сөздің мағынасын өзгертетін қосымша жұрнақ болады.

132-жаттығу. 1. Төмендегі сөздерге тұсындағы жұрнақтардың қайсысын жалғауға болады?

1. Тігін, гүл, иіс ші, -шы, шіл.

2. Фарыш, құлын, ойын, бай, -шак, -кер,
-шық, -лық.
3. Қыс, көктем, жаз, күз -ғі, -қы, -гі,
-ғы.

2. Түбір сөздердің жүрнақ жалғанған соң
қалай өзгергенін айтыңдар.



3. Жүрнақ жалғанған сөздерді қатыстырып,
үш-төрт сөйлем қураңдар.

133-жаттығу. 1. Сөйлемдерді көшіріп жазыңдар.

1. Суши қолына кетпенін алды. 2. Шөл-
дегенде сусын іш. 3. Атта сұлық бар. 4. Су-
атқа су ала бар.

2. Асты сызылған сөздердегі қосымшалардың
астын екі сызыңдар.

134-жаттығу. 1. Сөйлемдерді оқыңдар.

1. Жолши тас жол салды. 2. Пошташы
Нұрланға хат берді. 3. Төрт кісі сыйлық алды.
4. Дәмді тағамды аспаз пісіреді. 5. Науқас
адам емханада емделеді. 6. Бұл ауыл мақта-
шылықпен шүғылданады.

2. Сөз тудыруши жүрнақтар арқылы жасалған
сөздерді теріп жазып, астын сызыңдар.

Үлгі:

Ас — аспаз, ...

135-жаттығу. Сөйлемдерді оқындар. Асты сзылған сөздерді түбірге және жүрнаққа бөліп жазындар.

1. Тазалық сақталған жерде шыбын болмайды. 2. Ол ешқандай таршылық көрсеткен жоқ. 3. Газды су — шипалы су. 4. Ұшқыштар мектебіне барамын.

Үлгі: таза-лық, ұш-қыш-тар, ...



ЖАЛҒАУ

136-жаттығу. 1. Сөйлемді оқындар.

Арман... іні... Ташкент... оқи... .

2. Көп нүктенің орнына тиісті жалғауларды қойып көшіріңдер.

Сөздердің байланысы үшін бір дәнекер керек.

Сөздерді бір-бірімен байланыстыратын қосымша жалғау болады: көктем-ге, Асан-ның.

137-жаттығу. 1. Түбір сөздерге тұсындағы жалғаулардың тиістісін қойып, сөздерді көшіріп жазындар.

1. Ата, іні, қаз, темір, ат, күшік; **-ның**, **-нің**, **-дың**, **-дің**, **-тың**, **-тің**;
 2. Бала, көл, жас, шет; **-ға**, **-ғе**, **-қа**, **-ке**;
 3. Тау, ырыс, ел, алма, күріш; **-ды**, **-ты**, **-ді**, **-ны**, **-ті**.
2. Жалғанған жалғаудың астын сызыңдар.

Үлгі: Атаның, ...

138-жаттығу. Асты сызылған сөздердің түбіріне жалғанып тұрған жалғаудан жарты сыйқша арқылы бөліп жазыңдар.

1. Аққудың көлі. 2. Құсқа көмек бер. 3. Дегелекті үясынан үшырма. 4. Біздің бұлбұлда әсем дауыс бар. 5. Бозторғайды шымшықпен ауыстырма.

Үлгі: аққу-дың, ...

139-жаттығу. Жатырқауды, білмейді, көрінгенге, үрмейді деген сөздерді қатыстырып, «Күшігім» атты шағын шығарма жазыңдар.





ТУЫНДЫ СӨЗ

140-жаттығу. 1. Сөйлемдерді көшіріп жазындар.

1. Қауын ек. 2. Егіндер жайқалды. 3. Егінші егіндерін жинағы. 4. Егіншілік деген жақсығой!

2. Түбір сөздердің астын сыйындар.

3. Егіндер, егінші, егіншілік деген сөздердің үшеуі де ек түбірінен -ін, -ші, -лік журнақтары арқылы жасалғанын аңғарындар.

141-жаттығу. 1. Сөйлемдерді оқындар.

1. Жылқышы жылқыларға қарады. 2. Дүкенші дүкенін ашты. 3. Ақылды бала. 4. Ұнамды мінез. 5. Зейінді, ықыласты оқушы. 6. Жұпар иісті гүл.

2. Жылқышы, дүкенші, ақылды, ұнамды, зейінді, ықыласты, иісті деген сөздердің бәрі де -шы, -ші, -ды, -ді, -ты, -ті журнақтары арқылы жасалғанын есте сақтаңдар.

Негізгі түбірге журнақтар жалғану арқылы жасалған сөз түүнди сөз болады.

142-жаттығу. Көп нүктенің орнына тиісті жүрнақтарды қойып жазыңдар.

1. Бұғін сыныпқа Жаннұр кезек.... 2. Керней... — керней тартатын адам. 3. Керуен...лер керуенбасына қарады. 4. Ақыл... бала. 5. Әдеп... қыз. 6. Дәм... тамақ. 7. Күш... балуан.



ақылды

әдепті

143-жаттығу. 1. Суреттің астына қай мамандық иесі екендігін жазыңдар.



2. Бұл сөздердің түбірін бір сызықпен, жүрнақтарын екі сызықпен сызыңдар.

Үлгі: тігінші — тігін-ші, ...

144-жаттығу. 1. Сызықтың екі жағындағы сөздерді салыстырып оқындар.

айбын	айбынды	әділет	әділетті
қуат	қуатты	әдеп	әдепті
ұқып	ұқыпты	тәртіп	тәртіпті

2. Түбір сөз бен туынды сөздің айырмашылығын анықтаңдар.

145-жаттығу. 1. Сөздердегі көп нүктенің орнына тиісті жүрнақтарды қойып, сөздерді қатесіз көшіріңдер.

Ақыл..., бедел..., ұнам..., жағым..., тиім..., үйғарым..., шешім..., қоным..., жарасым....

Тиісті жүрнақтар: -ды, -ді.

2. Қандай сөзден туынды сөз жасадыңдар?

Туынды сөз тек қана жүрнақ арқылы жасалады: ек – егін – егінші – егіншілік, күй – күйші – күйшілік.

Туынды сөзден де жаңа сөз жасала береді: біл – білім, білгіш, білімді.

146-жаттығу. 1. Төмендегі мақалдардан туынды сөзді тауып айтыңдар.

1. Саусағы ұзын — биші болар,
Құлағы ұзын — күйші болар.

2. Бөріктінің намысы бір.
 3. Игілікті істің ерте-кеші жоқ.
 4. Керек тастың ауырлығы жоқ.
2. *Биши, күйши, бөрікті, игілікті, керек сөздерін сөздік дәптерлеріне жазып қойыңдар.*



147-жаттығу. 1. Түбір сөз бен туынды сөздерді салыстырып оқыңдар.

Түбір сөз	Туынды сөз	Туынды сөз
Өн күй бас біл	өнім күйші басшы білім	өнімді күйшілік басшылық білімді

2. Өнім, күйші, басшы, білім туынды сөздерінен тағы да туынды сөз жасаған журнақтарды айттыңдар.

148-жаттығу. Төмендегі сөздерге жақша ішіндегі сөздердің лайықтысын ойлап табыңдар.

1. Өуезді (тұн).
2. Желді (өуез).
3. Бантикті (аға).
4. Суретші (пікір).
5. Түйінді (қыз).

149-жаттығу. Әріптердің тиістісін орнына қойып жазыңдар.


Гүл $\frac{с}{ш}$ і, бас $\frac{ш}{с}$ ы, ылғал $\frac{т}{д}$ ы, білым $\frac{ім}{ді}$, хат $\frac{с}{ш}$ ы, қайрат $\frac{д}{т}$ ы, сылақ $\frac{ш}{с}$ ы, су $\frac{с}{ш}$ ы.





ЗАТТЫҢ АТЫН БІЛДІРЕТИН СӨЗДЕР

150-жаттығу. Суретке қарап, тиісті сұрак қо-
йындар. Сурет бойынша әңгіме құрастырындар.



**Кім? не? кімдер? нелер? деген сұ-
рақтарға жауап беретін сөздер заттың
атын білдіреді.**

151-жаттығу. 1. Өлеңді мәнерлеп оқып шы-
ғындар.

Он батыр

Бірінші батыр — Бекен батыр,
Екінші батыр — Төкен батыр.

Үшінші батыр — Үсен батыр.
Төртінші батыр — Тәкен батыр.
Бесінші батыр — Бәкен батыр.

2. Адам атын білдіріп тұрған сөздерді атаңдар.

152-жаттығу. Суреттің астындағы сұрақтарға жауап жазыңдар.



Бұл кім?

Бұл кім?

Бұл кім?

153-жаттығу. 1. Мәтінді оқып шығыңдар.



Маржан мен Гүлжан далаға шықты. Ауылдың жанындағы төбеге барды. Дала қызыл, сары, көкшіл түске боялып, құлпырып тұр екен. Бұларға Асан, Марат, Сара қосылды.

(«Балдырғаннан».)

2. Адам аттарын теріп жазып, үстіне сұрақтарын жазыңдар.

154-жаттығу. 1. Адам аттары бар сөздердің үстіне сұрақ қойып, астын сзызып, өлеңді көшіріп жазындар.

Сәкен бөпе тербетсе,
Сәуле көйлек пішеді.
Оқуда да еңбекте
Үздік екен үшеуі.

(Н. Әлімқұлов.)

2. Адам аттары өрқашан бас әріппен жазылатынын есте сақтаңдар.

155-жаттығу. 1. Өлеңді көшіріп жазындар.

Алтыншы батыр — Асан батыр,
Жетінші батыр — Сәкен батыр.
Тоғызыншы батыр — Тоқан батыр,
Оныншы батыр — Отар батыр.

(Жақан Смақов.)

2. Адам аттарын теріп жазып, үстіне оның сұрақтарын қойындар.

кім? кім?
Үлгі: Асан, Сәкен, ...

3. Мақалдарды оқындар. *Кім? не?* деген сұрақтарға жауап беретін сөздерді атаңдар.

Ақыл — тозбайтын тон,
Білім — таусылмайтын кен.
Шешен сөз бастайды,
Батыр қол бастайды.



Kім? кімдер? деген сұрақтар тек қана адамдарға қойылады: Абай, ата, диқан, әнші.

156-жаттығу. 1. *Kім? кімдер?* сұрақтарына жауап беретін сөздерді көшіріп жазыңдар.

Жекеше түрі:

Кім?

ана

мақташы

темірші

диқан

Көпше түрі:

Кімдер?

аналар

мақташылар

теміршілер

диқандар

2. *Kімдер?* сұрағына жауап берген **аналар**, **мақташылар**, **теміршілер**, **диқандар** сөзі көптік мағынада айтылғанын аңғарыңдар.

3. Ал оларға мағына берген жалғау — **-лар**, **-лер**.

Не? нелер? деген сұрақтар заттар мен жан-жануарларға, жәндіктерге қойылады: **парта, сынып, аю, көгершін, құмырсқа**.

157-жаттығу. 1. Өлеңді оқып шығыңдар.

Үйенкі, қайың, қара ағаш,
Самырсын, емен, қарағай —

Өседі бәрі аралас
Бақшада өскен баладай.


(Б. Әбдіразақов.)

2. Ағаш аттарын теріп жазып, олардың үстіне
сұрақтарын жазыңдар. Өлеңге ат қойыңдар.


не?

Үлгі: Үйеңкі, ...

158-жаттығу. Суреттің астындағы сұрақтарға
жауап жазыңдар.



Бұл не?



Бұл не?



Бұл не?

Үлгі: — Бұл не?

— Бұл — тауық.

— Ал бұл не?

— Бұл ма, бұл — ...

159-жаттығу. 1. Сөйлемдерді оқыңдар.



1. Қыздар қызыл көйлек киді.

2. Ағамда қара костюм бар.

3. Ұстық кеудеше жақсы екен.

4. Ақ орамал сатып алдық.

5. Ұзын шалбар, ақ көйлек жарасып тұр.

2. Не? сұрағына жауап болатын сөздерді теріп жазыңдар.

Үлгі: Көйлек, ...

160-жаттығу. Өлеңді оқыңдар. Көп нүктенің орнына заттың атын білдіретін сөздердің тиістісін қойып жазыңдар.

Немене?

- Ызыңдаған немене?
- Ағаш кескен ... ғой.
- Балтаңды ал да, бара ғой.
- Дүрілдеген немене?
- ... ғой жер жыртқан.
- Қалма сен де ел-жұрттан.
- Гүрілдеген немене?
- ... астық тасыған.
- Мен сол жаққа асығам.

(Қадыр Мырзалиев.)

Тиісті сөздер: ара, трактор, машина.



Заттың атын білдіретін сөздерге көптік мағына беретін жалғаулар мыналар: -лар, -лер, -дар, -дер, -тар, -тер. Бұл жалғаулар көптік жалғаулар деп аталады.

161-жаттығу. Көп нүктенің орнына тиісті жалғауларды қойып, көшіріп жазындар.

1. Бала... ойын ойнады. 2. Кеме... теңізде жүзеді. 3. Қаз... биік ұшады. 4. Көл...де ба-лық... көп. 5. Марат... да кітап, дәптер, қаламұш бар. 6. Серік пен Берік...ге көмек береміз.

162-жаттығу. 1. Мәтінді көшіріп жазындар.



Ташкент

Ташкент қаласы — еліміздің астанасы. Ташкентте ұлы бабамыз Әмір Темір Тарағайұлының ескерткіші бар. Бұл қалада Фафур Ғұлам, Абдулла Қадыри, Орал Таңсықбаев аталарымыз туылған.

- Kіcі аттарын білдіріп тұрған сөздердің астын сыйындар.
- Сөйлемде неше жер аты аталған?

Ташкент

Әмір Темір



Адам, жер-су және хайуанаттар аттары жалқы есім болады: Абай, Эндіжан, Мойнақ, Тайбурыл.

163-жаттығу. 1. Салыстырып оқындар.

Жалпы есім:	Жалқы есім:
<ol style="list-style-type: none"> Ауылға жаңа жол салынды. Жол бойында үш құдық бар. Мына құм — қызыл құм. 	<ol style="list-style-type: none"> Ағам Жаңажол ауданында жасайды. Үшқұдық — Өмірзак ақынның туған жері. Қызылқұм халқы — кеңпейіл халық.

2. Жалқы есімдердің бас әріппен жазылатынын есте сақтаңдар.

Жалқы есімдерден басқа заттың атын білдіретін сөздер жалпы есімдер болады: өзен, тау, құс, жануар, арман, ой.

164-жаттығу. 1. Мәтіндегі өзгерістерді салыстырып оқыңдар.

1. Мен қоңыр бөрік алдым. 2. Ал мен Қоңырбөрікке бардым. 3. Үш тал өсіп тұр. 4. Үшталдың адамдары — адап адамдар.

2. Жалқы есімдерді теріп жазыңдар.

3. Жалқы есімдердің бас өріппен жазылатынын есте сақтаңдар.

Төмендегі сұрақтарға жауап беріңдер

1. Қандай сұрақтарға жауап болатын сөздер заттың атын білдіретін сөздер болады?

2. Қосымшалар нешеге бөлінеді?

3. Заттың атын білдіретін сөздердің қандай жүрнақтары бар?

4. Көптік мағынаны білдіретін жалғаулар қайсы жалғаулар?

5. Туынды сөз қалай жасалады?



ЗАТТЫҢ СЫНЫН БІЛДІРЕТИН СӨЗДЕР

165-жаттығу. Сөйлемдерден заттың сынын білдіретін сөздерді теріп жазыңдар.

Білмегенді білуге есті бала тырысқан, есер бала ұрысқан (*Ы. Алтынсарин*). Арық бұзаутез тұра алмайды (*С. Мұқанов*). Ұңталы, жігерлі, зерек жас ілгері оқуды ойлайды. Арық атқа қамшы ауыр.

Үлгі: есті, ...

Қандай? қай? деген сұрақтарға жауап беретін сөздер заттың сынын білдіретін сөздер болады: ақ, қара, жақсы, кең, тәртіпті.

166-жаттығу. 1. Салыстырып оқындар. Сол жақ бағандағы сөйлем мен оң жақ бағандағы сөйлемдерге көніл бөліндер.

Не деген қыз ол!

Мен онымен
доспын.
Төрт үйрек.
Аспан асты.

Не деген жақсы қыз
ол!

Мен онымен жақын
доспын.
Төрт үркек үйрек.
Ашық аспан асты.

2. Қай бағандағы сөйлемдердің мағынасы толығырақ екенін айтындар? Сөйлемдердің мағынасын толықтыра түскен сол сөздерді теріп жазындар.

қандай?

Үлгі: жақсы, ...



**Заттың сынын білдіретін сөздердің ішінде қарсы мағыналы сөздер бар:
ыстық — суық, пайдалы — зиянды.**

167-жаттығу. Төмендегі сөздердің тұсына қарсы мағыналы сөздерді тауып, ойлап жазындар.

Ақ, женіл, жүқа, күшті, биік, кең.

Үлгі: кең—тар, ...

168-жаттығу. Қарсы мағынаны білдіретін оңай-қызын, үлкен-кіші, ыстық-сұық сөздерін қатыстырып, үш сөйлем құранғадар.

169-жаттығу. 1. Сөйлемдерді оқып, сын есімдерді табындар, қарсы мәндестерін атаңдар.

1. Тоғыз тоңқылдақ, бір шіңкілдек.
 2. Сөз—балдан тәтті, тұздан ашы.
 3. Түйедей бойдан түймедей ақыл жақсы.
 4. Киімнің жаңасы жақсы, достың ескісі жақсы.
2. Қарсы мәндес сын есімдерді қатарластырып көшіріңдер.



Заттың сынын білдіретін сөздердің негізгі және туынды түрлері бар: көк — көкше, ақ — ақшыл, қалың — қалың-дау.

170-жаттығу. Көп нүктенің орнына төмендегі негізгі түбір сөздерді қойып, көшіріп жазындар.

1. ... бала. 2. ... қызғалдақ. 3. ... үй.

4. ... дастарқан. 5. ... тіс. 6. ... шаш.

Тиісті сөздер: əдемі, ақ, биік, қызыл, жақсы, қара.

171-жаттығу. 1. Өлеңдегі әрбір сөзді дұрыс оқындар.

Жасыл бұтақ бүрінде
Жатады өмір сыр бүгіп.
Аппақ гүлдің түбінде
Қызыл алма түр бұғып.

(Қ. Мырзалиев.)

2. Заттың сынын білдірген сөздерді заттың атын білдіретін сөзбен бірге теріп жазындар.

Үлгі: аппақ гүл, ...

172-жаттығу. 1. Өлеңді оқып шығындар.

Қарағай

Қысқы аязға қарамай,
Көгеріп түр қарағай.
Сол секілді төзімді
Болсам деймін өзімді.

(Тұрсын Елеусізұлы.)

2. Заттың сынын білдіретін сөздің астын сыйзындар. Үстіне сұрағын жазындар.



173-жаттығу. Берілген заттың сынын білдірген сөздерге қарсы мәнді заттың сынын білдіретін сөздерді жазыңдар.

Ұзын — ...	қараңғы — ...
Жіңішке — ...	ақ — ...
Кіші — ...	жеңіл — ...

Заттың сынын білдіретін сөздердің туынды түрі түбір сөздерге жұрнақ жалғану арқылы жасалады: әде^п+ті, ажа^р+лы, біл-гіш, шет-кі.

174-жаттығу. 1. Сөздерді салыстырып оқыңдар.

Күш — күш-ті.	Көрік — көрік-ті.
Еп — еп-ті.	Ақыл — ақыл-ды.
Үлгі — үлгі-лі.	Ес — ес-сіз.

2. Қатардағы сөздерге сұрақ қойыңдар. Қандай айырмашылықты байқадыңдар?

Үлгі:

не? қандай?
Ес — ес+сіз.

175-жаттығу. 1. Сөздерді, сұрақтарды салыстырып оқыңдар.

нә? қандай?

Ат — атты кісі.

нә? қандай?

Сөз — сөзшең бала.

нә? қандай?

Ұйқы — ұйқышыл адам.

нә? қандай?

Тау — таулы жер.

2. Заттың сынын білдірген сөздердің жүрнақтары бірдей ме?

3. Заттың атын білдірген сөздердің астын
сызыңдар.



176-жаттығу. 1. Жұмбақты оқып шығып, көшіріп жазыңдар.

Қызыл-қызыл, қызыл қыз,
Бұрымы неткен ұзын қыз!
Ұйқыға үйде батады,
Бұрымы сыртта жатады.



2. Заттың сынын білдірген сөз бен заттың атын білдірген сөздің астын сызыңдар.

177-жаттығу. 1. Сөздерді оқып шығыңдар.
Оларға сұрақ қойыңдар.

Ақ, қара, көк, қызыл, жасыл, сұр, қоңыр,

сары, құла, ашы, тұшы, қышқыл, кермек, тәтті, дәмді.

2. Заттың түрін, түсін білдірген сөздердің астын бір, заттың дәмін білдірген сөздердің астын екі рет сыйындар.

178-жаттығу. 1. Жылдам айту ойыны.

1. Сүттің түсі қандай болады?
2. Шөптің түсі қандай болады?
3. Аю үлкен, қоян қандай болады?
4. Қыс сұық, жаз қандай болады?
5. Көмір қара, қар қандай болады?

2. Жауаптарынды жазындар.

Үлгі: Көмір қара, қар ақ болады.



179-жаттығу. Төмендегі сөздерді қатыстырып, төрт сөйлем құрандар.

Таза, тазарак, үлкен, үлкендеу.

180-жаттығу. 1. Өлеңді оқып шығындар.

Көктем қандай көңілді,
Күміс жаңбыр төгілді.
Мөлдір аспан ашылып,
Күннің көзі көрінді.

(С. Жиенбаев.)

2. Заттың санын білдірген сөздерді заттың атын білдірген сөздермен қоса теріп жазыңдар.
3. *Мөлдір, күміс* сөздері заттың несін білдіріп тұр?
4. Аспан сөзіне дыбыстық талдау жасаңдар.



ЗАТТЫҢ САНЫН БІЛДІРЕТИН СӨЗДЕР

181-жаттығу. Сөйлемдердегі заттың санын білдіріп тұрған сөздердің астын сызыңдар.

1. Бір кісі арық алады, мың кісі су ішеді.
2. Екі кісі ығысса, бір кісіге орын бар.
3. Ер кезегі үшке дейін.
4. Төртеу түгел болса, төбедегі келеді.
5. Жеті рет өлшеп, бір рет кес.

182-жаттығу. 1. Төмендегі сөздерді оқыңдар. Берілген осы сөздерден сөйлем құраңдар.

1. Алды? Кім, кітап, екі
2. Асан, кітап, алды, екі
3. Екі, берді? кім, кітап
4. Асанға, кітап, екі, берді, Үсен.

2. Заттың санын білдіріп тұрған сөздердің үстіне сұрағын жазып, астын сызыңдар. Бірінші қатардағы жуан айтылған сөз қайсы?



Қанша? неше? нешінші? сұрақтарына жауап болатын сөздер заттың санын білдіретін сөздер болады: тоғыз — тоғызынышы, сегіз — сегізінші.

Заттың санын білдіретін сөздер есептік, реттік болып, екі түрге бөлінеді: бір — бірінші, екі — екінші, үш — үшінші.

183-жаттығу. 1. Жұмбақтарды оқып, заттың санын білдіріп тұрған сөздердің астын сызыңдар.

Жер бетіне шықпай қалған мұнара,
Бірақ одан су ішеді мың ара.

(Кұдық.)

Кезікті бір жануар
Үстінде екі тауы бар.

(Түйе)

2. Осы жұмбақтардағы мың, екі сөздері қай сөздерге қатысты?

3. Мың, екі сөздеріне сұрақ қойындар.

184-жаттығу. 1. Сөйлемдерді оқындар.

1. Арадан бір сағат өтті. 2. Жұлдыздың үш ағасы бар. 3. Төрт алма өсіп тұр. 4. Бес экскаватор канал қазып жатыр.

2. Есептік мағынадағы сөздерді табыңдар.
3. Бұл сөздер қай заттың дәл санын білдіріп түрғанын айтыңдар.

185-жаттығу. Сөйлемдерді көшіріп жазыңдар. *Қанша? неше?* деген сұрақтардың орнына заттардың санын білдіретін сөз жазыңдар.

(қанша?) қанат қазда бар,
Сайрандайды сайда олар.
(қанша?) қанат құрда бар,
Құр ауласаң, қырға бар.
Қаздың да (қанша?) аяғы,
Құрдың да (қанша?) аяғы.
Екеуінің аяғы
(Қанша?) болады баяғы.

(Е. Өтетілеуов.)



Қанша? неше? сұрақтарына жауап болатын түбір сөздер есептік мағынаны білдіреді: бір, он, жүз, мың.

- 186-жаттығу.** 1. Жұмбақты көшіріп жазып, шешуін табыңдар.

Бес ін,
Бес іннің аузы — бір ін.

2. Заттың санын білдірген сөздердің астын сызыңдар. Сұрақ қойыңдар.

Екі таңбалы сөздер бөлек жазылады: он бір, жиырма екі, екі жүз.

187-жаттығу. 1. Оқындар. Бұл сандардың қалай жазылатынына көніл бөліндер.

1. Бір таңбалы сандар: 1, 2, 3, 4, 5, 6, 7, 8, 9.

2. Екі таңбалы сандар: 11, 12, 13, 14, 15, 16, 17, 18, 19.

2. Екі таңбалы сөздерді сөзбен жазындар.
Үлгі: он бір, ...

188-жаттығу. 1. Салыстырып оқындар. Көп нүктенің орнына заттың санын білдірген сөздің бірін қойып жазындар.

Он аққу, он ... бала.

Жиырма алма, жиырма ... алша.

Алты дос, ... алты дос.

2. Екі бағандағы сөздер арасындағы қандай айырмашылықтарды байқадындар.



Нешінші? сұрағына жауап болатын түбір сөздер реттік мағынаны білдіреді: тоғыз – тоғызыншы, сегіз – сегізінші.

189-жаттығу. 1. Есептік, реттік мағына білдіретін сөздерді салыстырып, айырмашылығын айтыңдар.

Есептік:	Реттік:	Қосымшалары:
жеті	жетінші	-нші
алты	алтыншы	-ншы
сегіз	сегізінші	-інші

2. Реттік мағынаны білдіретін сөздерге екі түрлі қосымшалардың (-нші, -ншы, -ыншы, -інші) жалғану себебін түсіндіріңдер.

190-жаттығу. 1. Төмендегі сөздерге -нші, -ншы, -ыншы, -інші жүрнақтарын жалғап жазыңдар.

Есептік	Реттік
екі	
бес	
алты	
ТОҒЫЗ	

2. Екі бағандағы сөздерге сұрақ қойыңдар.
3. *Тоғызыншы* сөзіндегі жүрнақ жуан ба, жіңішке ме?



191-жаттығу. Реттік мағынадағы сөздерді есептік мағынадағы сөзге айналдырыңдар. Ол үшін реттік мағынадағы сөздердің жүрнақтарын алып тастап жазыңдар.

Реттік	Есептік
бесінші бөлме алтыншы үй сегізінші есік тоғызыншы бала	

Заттың ретін білдіретін сөздер **нешінші? деген сұраққа жауап береді: **нешінші күн — бесінші күн.****

192-жаттығу. 1. Жаңылтпашты жылдам айтыңдар.

Ұшып кетті үш құс,
Ұшып келді үшқыш.

(С. Көшекбаев.)

Үш кіші ішік піштім,
Бес кіші ішік піштім.
Неше кіші ішік піштім?

(Қ. Мырзалиев.)

2. Есептік мағынаны білдіретін бұл сөздерді жүрнақ жалғау арқылы реттік мағына беретін сөзге айналдырыңдар.

193-жаттығу. 1. Төмөндегі мәтінді оқып шығындар.

Біздің сынып екінші қатарда. Сынып ішінде кең, жарық. Сыныпта отыз оқушы бар. Отыз оқушыға он бес парта тұр. Менің партам төртінші қатарда. Біздің үшінші сыныпта оқу озаттары көп.

2. Есептік мағынадағы сөздерді бөлек, реттік мағынадағы сөздерді бөлек көшіріңдер.



ЗАТТЫҢ ҚИМЫЛЫН БІЛДІРЕТИН СӨЗДЕР

194-жаттығу. 1. Өлеңді мәнерлеп, сөзді бұзбай дұрыс оқындар.


Тонды қайың, теректер,
Бәлкім жазды сағынды.
Қар жауды да, көп өтпей,
Өзен көк мұз жамылды.

Ақ қар, көк мұз айнала,
Қыс түсті де, бекінді.
Желіп өткен жел ғана
Шымшылайды бетінді.

(«Балдырганнан».)

2. Осы өлеңдегі *сағынды*, *жауды*, *жамылды*, *түсті*, *бекінді*, *шымшылайды* деген сөздерге сұрақ қойындар.

195-жаттығу. Суреттерге қарап, кімнің не істегенін айтыңдар. Жауаптарыңды жазыңдар.



Заттың қимылын, іс-әрекетін білдіретін сөздер не істейді? не қылды? не істеді? не қылады? қайтті? қайтеді? деген сұрақтарға жауап береді. — Не қылды? — Жазды, үшты. — Не істейді? — Жазады, үшады.

196-жаттығу. Мәтінді оқып шығыңдар. Көп нүктенің орнына керекті сөздерді қойып жазыңдар.

1. Күн (не істеді?) . . .
2. Қар (не қылды?) . . .
3. Қысқы жол (не істеді?) . . .
4. Күн (не қылды?) . . .
5. Жаңбыр (не қылды?) . . .
6. Шөп (не қылды?) . . .

Тиісті сөздер: еріді, жылынды, бұзылды, жауды, күркіреді, шықты.

Үлгі: Күн жылынды.



197-жаттығу. 1. Сөздерді оқындар.

Тер, бұр, қаз, айт.

2. Осы сөздерді сұрақ бойынша түрлендіріңдер.

не істеді? не қылады?

Үлгі: терді, тереді

198-жаттығу. 1. Мақалдарды оқып, мағынасын түсінуге әрекет жасаңдар.

Көз көргенді қол істейді.

Суды шым тоқтатады.

2. Көшіріп жазыңдар. Заттың қимылын білдіретін сөздердің астын сызыңдар.

Заттың қимылын, іс-әрекетін білдіретін сөздер дара (жауды, еріді) және күрделі (жауып тұр, еріп жатыр) болады: күн шықты — күн шығып тұр, ағам келді — ағам келе жатыр.

199-жаттығу. 1. Төмендегі қимыл-әрекеттерді білдіретін сөздерді қатыстырып, сөйлем құрандар.

Оқыды, көмектесті, ойнады.

2. Қимыл-әрекетті білдіретін сөздерді байланысты сөзімен бірге астын сызыңдар.

3. Үстіне сұрақтарын жазыңдар.



200-жаттығу. 1. Салыстырып оқындар.

Дара	Күрделі
Бұлақ <u>ақты</u> .	Бұлақ <u>ағып жатыр</u> .
Інім <u>күлді</u> .	Інім <u>күліп тұр</u> .
Асқар түстен соң <u>оқыды</u> .	Асқар түстен соң <u>оқып жүр</u> .
Бұлбұл <u>сайрады</u> .	Бұлбұл <u>сайрап тұр</u> .

2. Екі бағандағы сөйлемдерден қандай айырмашылықты байқадындар?

201-жаттығу. 1. Заттың қимыл-әрекетін білдіретін күрделі сөздерді дара сөзге айналдырындар.

Күрделі сөз:	Дара сөз:
сөйлеп отыр сұрап тұр күліп жүр шығып жатыр	сөйледі

2. Не қылып отыр? не қылып жүр? не қылып жатыр? сұрақтары күрделі сөзге лайықты маәлде дара сөзге ме?



Заттың қимылын білдіретін сөздердің күрделі түрі екі сөзден құралады: жуып жатыр, оқып түр.

202-жаттығу. 1. Көп нүктенің орнына заттың қимылын білдіретін сөздердің тиістісін қойып, көшіріп жазыңдар.

Шығыстан бозарып таң Аспанда жүлдүздар Таң атқанын хабарлап өтештер де Сәнді үйлердің мұржаларынан бүркүрап түтін Күн сөулесі алдымен биік таулардың басына

Керекті сөздер: сирей бастады, білініп келеді, көтеріліп жатыр, шақыра бастады, кетіп барады, түсе бастады.

2. Күрделі сөздердің астын сыйыңдар.

203-жаттығу. Сұрақтың орнына керекті сөзді қойып, сөйлемдерді көшіріп жазыңдар.

- | | |
|------------------------|--------------------|
| 1. Күн (қайтті?). | 2. Ай (не қылды?). |
| 3. Жүлдүз (не қылды?). | 4. Су (қайтті?). |

Керекті сөздер: сарқырады, жарқырады, жымыңдады, күлімдеді.

Үлгі: Су сарқырады.

204-жаттығу. 1. Тік сызықтың сол жағындағы заттың атын білдіретін сөздерді оң жақтағы қимыл-әрекетті білдіретін сөздермен байланыстырып, сөйлем құраңдар.

қой	ақты
жер	ұшты
су	гүлдеді
ұшақ	көгерді
гүл	қозылады

2. Қимыл-әрекетті білдіретін сөздердің астын сызып, үстіне сұрақтарын қойындар.

не істеді?

Үлгі: Гүл гүлдеді.



205-жаттығу. Суретте не бейнеленгенін ретімен оқындар да, сөйлем құраңдар.




206-жаттығу. 1. Өлеңді оқындар. Көмекші сөздер арқылы заттың қимыл-әрекетін білдіретін күрделі сөздерді табындар.

Қара бұзау қарынын (1)

Қызыл сиыр жалап тұр. (2)

Үш аяқты жануар (3)
Үш тағандап қарап тұр.



2. Жұмбақтың шешуін сөзжұмбақтан тап.

207-жаттығу. 1. Суретке қараңдар.



2. Бірінші суретте қыздардың қандай қимылы суретtelген?

3. Екінші суретте ше?

4. Қимыл-әрекетті білдірген бұл сөздер қандай сұраққа жауап береді?

208-жаттығу. 1. Мәтінді көшіріп жазыңдар.
2. Қимыл-әрекетті білдірген сөздерді тауып, неше сөзден жасалғанын айтыңдар.

Нұрталап бүгін ерте оянды. Ол жан-жайна қарап әлденені іздей бастады. Бірақ

оның көнілін терезе әйнегінің сыртынан сорғалап тұрған тамшылар бөліп кетті. Ол жалма-жан әжесін жүлқылап:

— Эже, әже, ана қара, терезе жылап тұр, — деді.

3. Екі сөзден жасалған сөздер қалай аталады?
4. Мәтінге ат ойладап көріңдерші.



СӨЙЛЕМ



СӨЙЛЕМ ТУРАЛЫ ТҮСІНІК

- 209-жаттығу.** 1. Мәтінді оқындар.

Баян ерте оянды. Ол беті-қолын жуды.
Тамақтанып, мектепке қарай бетtedі.

Баян сабакқа кешіккен жоқ.

2. Мәтінде неше сөйлем бар?
3. Әр сөйлемде неше сөз бар?

**Сөйлем аяқталған ойды білдіреді.
Сөйлем сөздерден құралады.
Әр сөйлемнің бірінші сөзі бас
әріппен жазылады.
Сөйлем аяқталған соң мағынасына
қарай нұктे (.), сұрау (?), леп (!)
белгісі қойылады.**

- 210-жаттығу.** 1. Сөйлемдерді оқындар.

Бұл — қыс. Күн өте суық. Қар өлі жауып тұр. Өзеннің бетінде мұз қатып жатыр.

2. Әр сөйлемде неше сөз бар екенін айтыңдар.

211-жаттығу. 1. Өлеңді оқыңдар.

Ақша қар

Айналамда ұшып жүр
Ақ мамық қар себелеп
Қалт-құлт еткен бейне бір
Ақ қанатты көбелек

2. Сөйлемнің соңындағы кідіріс жасалған жерге керекті тыныс белгісін қойып, көшіріп жазыңдар.

212-жаттығу. Мақалдарды оқыңдар. Көп нүктенің орнына тиісті сөздерді қойыңдар.

1. Еңбексіз өмір — ...

2. Анасын ..., баласын

3. Сыйлай білсен ...,
Азаматсың



Тиісті сөздер: ананы, сөнген көмір, саналы, сүйгеннің, сүй.

213-жаттығу. 1. Өлеңді мәнерлеп оқындар.

Күн қырқаға асылды,
Май шапағы шашылды
Қызыл гүлдер, ақ гүлдер
Қауызынан ашылды

2. *-ға, -ғы, -нан* жалғауларын сөзден алып тастап оқып көріңдер.

3. *-ға, -ғы, -нан* қосымшалары жіңішке айтыла ма әлде жуан айтылып тұр ма?

4. Сөйлемнің соңына қандай тыныс белгісі қойылмағанын айтыңдар.



ХАБАРЛЫ СӨЙЛЕМ



214-жаттығу. 1. Тиісті тыныс белгілерін қойып, көшіріп жазыңдар.

Шыршық—астананың жанынан ағып өтетін өзен Сіргелі—жана аудан Ағам мен апайым Ташкентте оқиды Болашакта мен де Ташкентте оқимын

2. Қойылмай қалып кеткен қай тыныс белгісі?

Хабар мағынасын білдіретін сөйлемдердің соңына нұкте (.) белгісі қойылады.

**Мысалы: Құстар қайтып келді.
Олардың пайдасы мол.**

215-жаттығу. 1. Мәтінді көшіріп жазыңдар.

Көк бие құлышнады. Кішкентай қасқа құлышны бар. Менің қуанышымда шек жоқ. Көк бие қызғаншақ. Біздерді маңына жолатпайды. Мен көк бие мен құлышнға арбаның үстіне шығып қарап отырмын.

2. Осы мәтінге ат қойып көрейікші.

3. Бірінші сөйлемде не болғаны хабарланып тұр?

4. Екінші сөйлемде неше сөз бар?

5. Эр сөйлемнен соң нүктө белгісі неге қоюылған?

216-жаттығу. 1. Сөйлемдерді оқыңдар.

1. Жазда атамның үйіне барамын. 2. Сен онда бармайсың ба? 3. Атама көмектесемін.

4. Сен де атаңа көмек бермейсің бе?

5. Жәрдем беруге әрекет етемін.

2. Хабарлы сөйлемдерді теріп жазыңдар.

3. Осы үш сөйлемнің хабарлы сөйлем екенін қай тыныс белгісі бойынша білесіңдер?



217-жаттығу. 1. Тік сзықтың екі жағындағы сөйлемдерді кезектесіп оқыңдар.

Кім үйықтайды?

Бала не істейді?

Неше бала?

Бала үйықтайды.

Бала үйықтайды.

Бір бала.

Қайда ұйықтайды?
Неше бесікте?

Бесікте ұйықтайды.
Бір бесікте.

2. Тыныс белгісін қойып, хабарды білдіріп тұрған сөйлемдерді көшіріп жазындар.
3. Заттың атын, санын білдіріп тұрған сөздерді атап айттындар.

218-жаттығу. 1. Суретте не бейнеленгенін ретімен оқындар және сөйлем құрандар.



2. Құраған сөйлемдерінің соңына қай белгі қоясындар?

3. Мектеп, кітап, құс сөздері қандай сұраққа жауап беріп тұр?

4. Оқушы сөзі ше?



СҰРАУЛЫ СӨЙЛЕМ

219-жаттығу. 1. Мәтінді кезектесіп оқындар.

- Эке, **нанды** неден жасайды?
- **Үннан**, қалқам.
- Үнды қайдан алады?
- **Бидайдан**.

- Бидай қайдан келеді?
- **Жерде** өседі.
- Папа, ал мына **көйлекті** неден жасайды?
- **Мақтадан** тоқиды.
- **Мақтаны** қайдан алады?
- Мақта да жерде өседі.
- Бәрі де жерде **өседі** ғой өзі.

(«Балдырганнан».)

2. Сұрақ мағынасы бар сөйлемдердің астын сыйындар.

Сұрақ мағынасын білдіретін сөйлемдер сұраулы сөйлем болады:
1. Күн шықты ма? 2. Жасың нешеде?
3. Атың кім?

Сұрақ мағынасындағы сөйлемнен соң сұрақ (?) белгісі қойылады.

220-жаттығу. 1. Өлеңді оқындар.

Бұлбұлды да
 Әнші деуге бола ма?
 Олар біздей
 Әнді хормен сала ма?

(Ә. Әленов.)

2. Сөйлемдердің аяқталған тұсына қандай тыныс белгісі қойылған?

221-жаттығу. 1. Жаңылтпашты жылдам айтуға дағдыланыңдар.

Шөмелеленбеген шөпті
Мен шөмелелемей,
Кім шөмелелейді?

2. Жаңылтпашты көшіріп жазыңдар.



Сұраулы сөйлем ма, ме, ба, бе, па, пе қосымшаларының сөздерге тіркесіп келуі арқылы жасалады: бара ма, келе ме, барып па, келіп пе. Ма, ме, па, пе қосымшалары тіркесіп тұрған сөздерінен бөлек жазылады.

222-жаттығу. Салыстырып оқыңдар.

ма, ме, па қосымшасы жоқ сөйлем	ма, ме, па қосымшалары бар сөйлем
1. Бұл — таза су.	Бұл таза су ма?
2. Балқаш — терең көл.	Балқаш терең көл ме?
3. Бақытжанның бөлесі бар.	Бақытжанның бөлесі бар ма?
4. Көкемнің аты — Қайып.	Көкемнің аты Қайып па?

223-жаттығу. Сөйлемдерді оқып, ма? ме? қосымшаларының тиістісін нүктенің орнына қойып, сұраулы сөйлем жасаңдар.

1. Күйші күй тартты.
2. Бүгін жауын жауды.
3. Бұлбұл даусы естілді.
4. Өрістен қайтқан қой, ешкілер.

Кім? не? неге? қанша? неше? қандай? қайтеді? деген сұрақтар да сұраулы сөйлем жасайды: Досың кім? Оқуың қалай?

Сұраулы сөйлемде сұрақ белгісі (?) сөйлемнің соңына қойылады: Не ақты? Аспанда не күлімдеді?

224-жаттығу. Сөйлемдегі көп нүктенің орнына тәмендегі сұрақтардың тиістісін қойып оқындар.

1. ... шықты?
2. ...ерте тұрды?
3. Қанат ... жаста?
4. Ол домбыраны ...?
5. ... мектеп?

Керекті сұрақтар: неше? қайтеді? кім? не? қандай?

225-жаттығу. 1. Сөйлемдердің қойылмай қалып кеткен тыныс белгілерін қойып, көшіріп жазындар.

1. Жақын арада ауыл бар 2. Сендердің ауылдарың шалғайда ма 3. Ағаң саған көмектесті ме 4. Оқушылар ата-анасына көмектесіп жатыр 5. Үйіңдегі құсты босатсаң болмай ма 6. Шетте отырған кім

2. Хабарлы сөйлемнен соң қай тыныс белгісі қойылады?

3. Сұраулы сөйлемнен соң қай тыныс белгісі қойылады?



ЛЕПТІ СӨЙЛЕМ



226-жаттығу. 1. Өлеңді үш-төрт оқушы кезектесіп оқындар.

Файса екеуміз күресіп,
Жүріп алдық тіресіп.
Дуылдайды балалар:
— Бәсе, бәсе!
— О, мықтым!
— Қақ тұсынан тобықтың!
— Жамбасыңа ал!
— Жамбасқа!
— Жеп жүріпсің нан босқа!
— Іштен шал!
— Іштен!

— Не істейді құр күшімен!
Шіркін ауыз мықты ғой,
Бәрін сөзбен жықты ғой!
Жұрт айтқанға тойдық біз,
Жығыса алмай қойдық біз!

(«Балдырығаннан».)

2. Сөйлемдердің соңында қойылған тыныс белгілеріне көніл бөліндер.

**Қуану, сүйсіну, өкіну мағынасын
білдіретін сөйлемдер лепті сөйлемдер
болады.**

**Лепті сөйлемдердің соңына леп (!)
белгісі қойылады: Әй, бала, бері
қара! Ә, сенбісің!**

227-жаттығу. 1. Жаңылтпаштарды көшіріп жа-
зындар.

1. Ай, ай, Айдарбай,
Иір мүйіз сиырды
Үйіңе айдай бар!

2. Әй, Тайқарбай, Тайқарбай,
Қойыңды Майқараға жай, Тайқарбай!

2. Сөйлем соңына қандай тыныс белгісі қо-
йылған?



228-жаттығу. Көп нүктенің орнына керекті сөздерді қойып, сөйлемдерді көшіріп жазындар.

1. ..., жануар! 2. ..., бәлем! 3. ..., бәлекет!
4. ..., шіркін! 5., бұлай істеме!

Керекті сөздер: Шүү, Тәйт, Түү, Па, Қап.

229-жаттығу. 1. Көшіріп жазындар.

Балақай

- Бұлдірген тереміз, балақай!
- Алақай!
- Ат жарыс көреміз, балақай!
- Алақай!
- Айға ұшып барамыз, балақай!
- Алақай!
- Кел, ағаш жарамыз, балақай!
- Эй, ата-ай!..

(Қадыр Мырзалиев.)

2. *Көңіл-күйді* және *өкінуді* білдірген сөздердің астын сызындар.



Әй, е, ие, ой, ай, а, ә, уа сөздерінің қатысы арқылы да лепті сөйлемдер жасалады.

230-жаттығу. 1. Оқындар.

1. Е, жарандар, жарандар!
Бәрің де бермен қараңдар!

(«Алпамыс» жырынан.)

2. Ой, балалар, балалар!
Ойналық та қүлелік,
Енді оқуға кірелік!

(І. Жансұгіров.)

3. Ай, Қарлыға, қашпаймын,
Қайратым бар деп таспаймын!

(Халық жырынан.)

2. Қай сөздер арқылы лепті сөйлемдер жа-
салғанын айтындар.

231-жаттығу. Көшіріп жазындар. Сөйлемнің
аяғында дауыстың көтеріңкі айтылғанына көніл
бөліңдер.

Кел, балалар, оқылық,
Оқығанды көнілге
Ықыласпен тоқылық!

(Ы. Алтынсарин.)

Уа, Жиренше, анау қаңбақ қайдан келді?!

(«Аңыз әңгімелерінен».)

Ау, қызғыш құс, қызғыш құс!
Қанатың қатты, мойның бос.

(Махамбет Өтемісұлы.)



**Axaу, шіркін, па, шіркін, бәрекелде,
пәлі, бәсе сияқты таңдануды, сүйсінуді
білдіретін сөздерден де лепті сөйлем
жасалады.**

232-жаттығу. 1. Эр сөзге дауыс екпінін түсіріп, сөйлемді көтеріңкі дауыспен оқындар.

1. Па, шіркін, Мырзашөлдің қауыны-ай!
2. Бәрекелде, балам, сені өсірген ата-анаңа
рақмет!

3. Пәлі, «бес» баға алышың!
2. Сөйлемдердің соңына қандай тыныс белгісі
қойылғанына көніл бөліндер.



СӨЙЛЕМДЕГІ СӨЗДЕРДІҢ БАЙЛАНЫСЫ

233-жаттығу. 1. Берілген сөздерден сөйлем құрандар.

1. Айнала, қар, қалың. 2. Тұлқі, қоян қыстығұні аулайды! 3. Адамға ая, таза, өте қажет.

2. Сөйлем түсінікті болу үшін қай сөздердің орнын ауыстырындар?

Сөйлемдегі сөздер бір-бірімен байланысып тұрады. Сөздердің байланысып тұрғанын сұрақ қою арқылы анықтаймыз.

234-жаттығу. 1. Сөйлемдерді оқындар.

1. Күн шықты. 2. Жас балалар ойнады.
3. Біз шөп ордық.

2. Сөйлемдегі сөздердің байланысын үлгі бойынша сұрақ қойып анықтаңдар.

Үлгі: — Күн қайтті?

— Күн шықты.

— Балалар не істеді?

— ...

—

235-жаттығу. Сөйлемдерді оқындар. Ондағы сөздердің байланысын табындар.

Жаңбыр жауды. Көк шөп өсті. Балалар гүлтерді.

Үлгі: Жаңбыр жауды.



236-жаттығу. 1. Көп нүктенің орнына тиісті сөздерді қойып жазындар.

Ділназ... тұрды. Ол ... көмектесті. Апасы ... алғыс айтты.

Тиісті сөздер: ерте, апасына, оған.

2. Байланыстырып тұрған сөздердің астын сыйындар.

237-жаттығу. Жақша ішіндегі сұраққа жауап беріңдер. Сөйлемдерді көшіріп жазындар.

1. Екеуі ... (қайда?) ойнайтын. 2. Ол апасының етегіне алма ... (қайтті?) 3. Нұрай ... (нені?) алып келді?

Керекті сөздер: *салды, аулада, ойыншылын*.

2. Сөйлемдегі сөздердің байланысын сызба арқылы көрсетіңдер.

Үлгі: *Екеуі аулада ойнайтын. Серік Үсенұлы.*

238-жаттығу. 1. Дұрыс құрастырылмаған сөйлемдердің қатесін табындар.

1. Тиін болады орманда. 2. Ол бұтақтан секіріп бұтаққа жүреді. 3. Тиін сүйкімді өте. 4. Оны жүріңдер қорғай.

2. Сөйлемдерді көшіріп жазыңдар.



239-жаттығу. Жұмбақтың шешуін табыңдар.

Қанша бала?

Бір топ бала тоғаннан
Он бес балық ұстадық.
Бөліскенде олардан
Тиді әркімге үш балық.
Айтыңдаршы, ал енді
Бала саны қанша еді?

(□□□ □□□□)

Неше қаз?

Көлден үшты жеті қаз,
Қайта қонды үшеуі.
Шешіндерші, қанеки,
Үшып кетті нешеуі?

(□□□□ □□□)

2. Екінші жұмбақты көшіріп жазыңдар.

240-жаттығу. Сурет бойынша әңгіме құрас-
тырыңдар.



241-жаттығу. 1. Өлеңді оқыңдар.

Ақ бөпем

— Алатаудың басынан не көрдің?

— Ақ бесікті мен көрдім.

Ақ бесіктің ішінен

Ақ баланы мен көрдім.

Ақ баланың қолынан

Ақ биялай мен көрдім.

Ақ биялай ішінен

Қызыл алма мен көрдім.

Қызыл алма тістедім,

Ақ бөпемді иіскедім.



2. Өлеңді көшіріп жазыңдар.



МӘНДЕС СӨЗДЕР

242-жаттығу. 1. Көшіріп жазыңдар.

1. Жолда абай болып жүр. 2. Сақ болсаң, сақтанасың. 3. Үқтияттық әр істе керек.

2. Мәндес сөздердің астын сыйыңдар.

Тілімізде бір-бірімен мәндес, мағыналас сөздер болады.

Бірінің орнына бірі қолданыла беретін сөздерді мәндес сөздер дейміз: ағайын, туыс, бауыр.

243-жаттығу. 1. Сөйлемдерді көшіріңдер.

1. Ағайын тату болса, ас көп. 2. Ағаң мен інің—өз бауырың. 3. Туысқа жаман сөз айтпа. 4. Жұрағаттарыңа алдымен сәлем бер.

2. Мәндес сөздердің астын сыйыңдар.

244-жаттығу. 1. Мәндес сөздерді теріп жазыңдар.

1. Ол—кішкене, титтей бала. 2. Оның мақсат, мұраты жақсы. 3. Ең жақсы оқушы—ибалы, иманды оқушы. 4. Атам демалып, тыныстап отыр.



245-жаттығу. Сурет бойынша мәндес сөздерді пайдаланып, әңгіме құрастырып жазыңдар.



Тірек сөздер: ата, ана, аға, апа (әпке), іні.

246-жаттығу. 1. Сөйлемдерді қатесіз көшіріндер.

1. Ата-анаңа көмек бер. 2. Көршіңе де көмектес. 3. Біреуге қолғабыс берген жақсы ғой.

2. Мәндес сөздердің астын сызыңдар.





МАҒЫНАСЫ ҚАРАМА-ҚАРСЫ СӨЗДЕР

247-жаттығу. Өлеңдерді оқындар. Мағынасы қарама-қарсы сөздерді табындар.

1. Ұзак — жол, қысқа — қол.
2. Үстық — онтүстікте, сұық — солтүстікте.
3. Шекердің іріңі жоқ, бәрі уақ.

Мағынасы бір-біріне қарама-қарсы сөздер бар: жазғы — қысқы, кәрі — жас, қатты — жұмсақ, күн — тұн.

248-жаттығу. Берілген сөздердің тұсына мағынасы қарама-қарсы сөздерді тауып жазындар.

- | | |
|--------------|--------------|
| 1. Ақ — . | 4. Биік — . |
| 2. Батыр — . | 5. Кең — . |
| 3. Жаз — . | 6. Жарық — . |

249-жаттығу. 1. Жұмбақтарды көшіріп жазындар.

«Дүниенің шырағы»
Деп бір атам атады.
Өзі құліп шығады,
Өзі құліп батады.

2. Мағынасы қарама-қарсы сөздердің астын сызындар.



250-жаттығу. 1. Өлеңді көшіріп жазындар.

Еркетотай, жылауық
Сәби едім бұрын мен.
Енді отырмын қуанып,
Аға болдым бүгіннен.

(Сұлтан Қалиев.)

2. Мағынасы қарама-қарсы сөздің үстіне сұрағын қойындар.

251-жаттығу. Мағынасы қарама-қарсы сөздерді теріп жазындар.

«Сіз» дейін деп жүрмін

Жайрандап Жанбала
Сәлемін үзбейді.
«Сен» деген жанға да
Күлімдеп «сіз» дейді.

Нағашым — Елемес,
Алдына кеп жүрмін.
Енді оған «сен» емес,
«Сіз» дейін деп жүрмін.

252-жаттығу. Сурет бойынша қарама-қарсы сөздерді пайдаланып, мәтін құрастырындар.



Керекті сөздер: қыз — , ақ — , ұзын — .



МАҒЫНАСЫ ӘР ТҮРЛІ СӨЗДЕР

253-жаттығу. 1. Өлеңдерді көшіріп жазыңдар.
Мағынасы әр түрлі сөздерге көңіл бөліңдер.

Ұшып келді құр,
Далақтамай құр,
Құрға үйшік құр.

2. Өлеңнің бірінші, екінші және үшінші жолдарындағы құр сөзінің мағынасы бірдей ме?

Тілімізде дыбысталуы бірдей, мағыналары әр түрлі сөздер де болады. Ол мағыналардың бір-біріне қатысы жоқ: жуа (пияз), жуа (ыдыс жуу).

254-жаттығу. Өлеңді оқып шығындар. Мағынасы әр түрлі сөздерді теріп жазындар.

1. Тырмыспа тұтқа,
Тұтта жоқ тұтқа.
2. Рәш жылышту үшін үйді,
Пеш алдына отын үйді.

255-жаттығу. 1. Өлеңді түсініп оқындар.

1. Жиып алып езуді,
Үйрендік құрт езуді.
2. Айналып өтіп отауды,
Бастадық шөпті отауды.
3. Аурудан ағам жазылды,
Жыр да соған жазылды.
2. Мағынасы екі түрлі, бірақ дыбысталуы бірдей сөздерге көніл бөліндер. Ол сөздердің мағынасын түсіндіріндер.



256-жаттығу. 1. Жұмбақты оқып, шешуін та-
быңдар.

Тікен-тікен тік түсте,
Қысы-жазы бір түсте.

(□□□□□)

2. Қыс, жаз, түс сөздерін қатыстырып, бірнеше
сөйлем құрастырыңдар.

257-жаттығу. 1. Өлеңді жаттап алыңдар.

1. Суға жуа-жуа,
Тазаланды жуа.
2. Қанша менің ешкім,
Білмейді оны ешкім.

(Е. Елубаев.)

258-жаттығу. 1. Суреттегі бейнеленген зат-
тардың атауларын жаз.



2. Сөздерді қатыстырып сөйлем құрастырың-
дар.



259-жаттығу. 1. Өлеңді көшіріп жазындар. Әр түрлі мағына беретін сөздерді тауып, түсіндіріндер.

— Күшіктің суретін
Қағазға сыз, — дейді.
Ал күшік ыстықта
Сыз жерді іздейді.

(Ә. Мейірбеков.)



ӘТКЕНДІ ПЫСЫҚТАУ

260-жаттығу. Өлеңді мәнерлеп оқып, мағынасы қарама-қарсы сөздерді теріп жазындар.

Дос

Жаманыңды жасырған,
Жақсылықты асырған.
Ештеңе де аяма,
Адал болса досыңнан.

(Жеткерген Әбдіреійұлы.)

261-жаттығу. 1. Сөйлемдерді көшіріп жазындар. Дыбысталуы бірдей, мағынасы басқа-басқа сөздердің астын сызындар.

1. Балқаштың шарлап бауырын,
Бақытжан тапты бауырын.
2. Қосымша деп жүрнақ, жалғауды,
Ұмытпа жүрек жалғауды.

3. «Қалмайсың, — деп, — бір қыстауда»,
Атам мен әжем қыстауда.



262-жаттығу. 1. Мәндес сөздерді топтап жазыңдар.

Қайталау, жығылу, дымқыл, болашақ, құлау,
пысықтау, келешек.

263-жаттығу. 1. Көп нүктенің орнына тиісті сөзді тауып жазыңдар. Ол сөздердің ұқсастығы мен айырмашылығын қалай түсінесіңдер?

1. ... — суда жақсы жүзетін, мойны ұзын жабайы және үй құсы.

2. ... — жерді бір нәрсемен ою, шұңқырлау.

264-жаттығу. 1. Көп нүктенің орнына тиісті сөздерді қойып, сөйлемдерді көшіріп жазыңдар.

1. Шие — тәтті жеміс, ал пияздың дәмі
2. Қыста күн сұық болады, жазда ... болады.
3. Қаланың көшелері кең, ұзын, ауылдың көшелері 4. Қанаттың үйінде жуас ат бар, Ерболдың аты ... екен.

2. Сөйлемдердегі қарама-қарсы мағыналы сөздердің астын сызыңдар.





ЖЫЛ БОЙЫ ӨТКЕНДІ ҚАЙТАЛАУ

265-жаттығу. 1. Сөздерді оқындар.

Ат, ән, жүлдyz, көже, көбелек, жапырақ, шегіртке.

2. Бұл сөздердің жуан немесе жіңішке айтылуының себебін түсіндіріңдер.

266-жаттығу. 1. Тиісті әріптерді көп нұктенің орнына қойып, өлеңді көшіріп жазындар. Тиісті әріптер: ў, ы, ы, и, ы, ө, ы, у, ы.

Б...з...лд... шөп маш...на,
Ағай қаж...п шаршады.
Ж...ндең еді ас...ға,
Үршып кетті саусағ... .

2. Ұ, ы қандай дауысты дыбыс екенін айтындар.

267-жаттығу. 1. Сөйлемдерді оқындар. Көп нұктенің орнына тиісті әріпті қойындар.

1. Сиырды сау... . 2. Сиырды сау...ға ба-рамын. 3. Түйіншекті бу... . 4. Тоған суын басынан бу... керек. 3. Қолынды жу... . 6. Қо-лынды жу...дан қашпа.

2. У дыбысы дауысты дыбыстан кейін келіп, қай дыбысты таңбалап тұр?



268-жаттығу. 1. Сөйлемдерді көшіріп жазыңдар.

1. Бұл — Хам ... т, анау — Сағ...т. 2. ...гі ниет.
3. ...рек көше. 4. ...набат — жақсы қыз. 5. ...т — үй хайуаны. 6. Фан... жазды жақсы көреді.
2. Қай сөздерде и дыбысы дауыссыз дыбыстар кейін келіп тұр?

269-жаттығу. 1. Тиісті әріпті нұктенің орнына қойып, көшіріп жазыңдар.

1. ... пырай, атаңа көмектескен сенсің бе?
2. Құрт-құмырсқаны да а...у керек.
3. Мұғалім — зи...лы адам.
4. Ешкімге зи...н келтірме.
5. Апамның аты — Сәли....

2. Я әрпі сөздің қай орындарында жазылған?

 Айтқанда кедергіге ұшырап шығатын дыбыстарды қандай дыбыстар дейміз?

270-жаттығу. 1. Қарамен жазылған сөздердің бастапқы дыбыстарының бір-біріне ұқсас екеніне көніл бөліңдер.

1. **Гүлдер** жайқалып тұр. 2. **Фалым** ағам оған су құйды. 3. **Көктем** өтті. 4. **Қала** мен далаға жаз келді.

2. Г, ф, к, қ дыбыстарының қай бірі жуан айтылады?



271-жаттығу. 1. Айтылуындағы сөзді қалдырып, жазылуындағы бойынша дұрыс жазыңдар.

Дүйсе $\frac{M}{H}$ бі, сейсе $\frac{H}{M}$ бі, сәрсе $\frac{M}{H}$ бі, бейсе $\frac{H}{M}$ бі.

2. Сөз — ненің атауы?

272-жаттығу. 1. Сөздерді көшіріп жазыңдар.

Жас, жаңбыр, жапырақ, қызғалдақтар.

2. Бұл сөздердің буын құрамына көніл бөліндер.

3. Дыбыс құрамының да әр түрлі екеніне көніл бөліндер.



Сөздер неден құралады?

273-жаттығу. 1. Сөйлемдерді көшіріп жазыңдар.

1. **Түйекүс** ұша алмайды. 2. **Тасбақа** жер бауырлап жүреді. 3. **Итбалық** көлшіктे де өмір сүреді. 4. **Біз** оңтүстікке бара жатырмыз.

2. Бастауыш болып тұрған бұл сөздер неше түрлі түбір сөзден құралған?

274-жаттығу. 1. Сөйлемдерді оқыңдар.

1. Сұлтан машина басқарады. 2. Ол жазда қырманнан бидай тасиды. 3. Қырман —

астыққа толады. 4. Мұрат — Сұлтанның көмекшісі.



2. Асты сызылған сөздерге сұрақ қойындар?

275-жаттығу. 1. Мақалдарды оқындар.

1. Арық атқа қамшы ауыр.

2. Ел іші — алтын бесік.

3. Алтау ала болса, ауыздағы кетеді.

2. Асты сызылған сөздерді теріп жазып, үстіне сұрақтарын қойындар.

3. Арық, алтын, ала сөздері қандай сөздер қатарына жатады?

276-жаттығу. 1. Сөйлемдерді салыстырып оқындар.

1. Ақ бұлт.

2. Ақша

3. Ақшыл

бұлт.

бұлт.

1. Сары

2. Сарша

3. Сарғыш

гүл.

қыз.

шабдалы.

2. Заттың сынын білдіретін сөздердің негізгі түрінің астын бір сызықпен, туынды түрлерінің астын екі сызықпен сызындар.



Заттың сынын білдіретін сөздердің туынды түрі түбір сөздерге қай қосымша жалғану арқылы жасалды?

277-жаттығу. Төмендегі сөз тіркестері бойынша төрт сөйлем құранғар.

Жарқын жаз, көңілді балалар, таңғы сәт, женіл велосипед.



Екі таңбалы сандар қалай жазылады?

278-жаттығу. 1. Сөйлемдерді қатесіз көшіріндер.

1. Бір жылда он екі ай бар. 2. Бір күнде жиырма төрт сағат бар. 3. Бір айда отыз немесе отыз бір күн бар. 4. Айдың он бесі жарық.

2. Екі таңбалы сан есімдердің астын сызындар. Бұл сан есімдер қай сөздермен байланысып тұр?

279-жаттығу. 1. Өлеңді мәнерлеп оқындар.

Жаз

Үйрек келді, қаз келді,
Көл жақтан өсем саз келді.
Пішенші қамыс баулады,
Балалар балық аулады.
Құс балапан ұшырды,
Шалғысын шаруа түсірді.

Үлкендер тілек тіледі,
Жаз күні дала тұледі.

(Жақан Смақов.)

2. Заттың қимылын, іс-әрекетін білдіретін сөздерге сұрақ қойыңдар. Бұл сөздерді теріп жазыңдар.



Заттың қимылын білдіретін сөздердің күрделі түрі неше сөзден құралады?

280-жаттығу. 1. Сөйлемдерді көшіріп жазыңдар.

1. Күн күліп түр. 2. Толқын жағаны шайып жатыр. 3. Әңгелектер пісіп жатыр. 4. Ұстық топырақ жолмен келе жатырмыз.

2. Заттың қимылын білдіретін сөздердің күрделі түріне сұрақ қойыңдар, астын екі сызыңдар.

281-жаттығу. 1. Өлеңді оқып шығып, көшіріп жазыңдар.

Қымыздық теремін,
Көп қызық көремін.
Апама сәукеле
Гүлдерден өремін.

(F. Жұмабаев.)

2. Қимылды білдіретін сөздердің астын сызыңдар.



Адам аттары, өлеңнің алғашқы әріптері қай әріптен бастап жазылады?

282-жаттығу. 1. Лепті, сұраулы, хабарлы сөйлемдердің тыныс белгісін нүктенің орнына қойып, көшіріп жазыңдар.

1. Көп жаса. 2. Ағаң орындық жасай ма.
3. Ағам орындық жасайды 4. Тамаша жаздың күндері. 5. Торғай мақтаны не қылады
6. Болатпен «Алпамыс» жырынан үзінді оқыдық.

2. Екінші сөйлемдегі ма? қосымшасы қай сөзбен байланысып тұр?

283-жаттығу. Төмендегі әңгіме негізінде бақылау диктантын өткізіндер.

Күн ыстық. Бір топ бала қарақат теруге бара жатқан. Асылбек пен Жанат өзге балалардан бөлініп кетті. Олар бұлақ басына жете бергенде, алдарынан екі шіл дүр етіп үшты. Асылбек балапанға тұра ұмтылды. Балапан тас үстіне құлады. Асылбек балапанды көтеріп алды.

(«Тіл ашар» кітабынан.)



МАЗМҰНЫ

ҚАЙТАЛАУ

Сөйлем және сөз	3
Дыбыс және әріп	6
Дауысты дыбыстар және әріптер	8
Ы, І дыбыстарының емлесі	10

ДЫБЫСТАР ЖӘНЕ ӘРІПТЕР

У әрпінің емлесі	14
И және Й әріптерінің емлесі	16
Я мен Ю әріптерінің емлесі	20

ДАУЫССЫЗ ДЫБЫСТАР

Дауыссыз дыбыстар	25
Б, П әріптерінің емлесі	28
Д, Т әріптерінің емлесі	31
К, Г, Қ, Ф әріптерінің емлесі	33
Л, Р әріптерінің емлесі	36
Сөз және буын	38
Тасымал	41

БАС ӘРІППЕН ЖАЗЫЛАТЫН СӨЗДЕР

Адам аттарының бас әріптен бастап жазылуы	43
--	----

Жер-су аттарының бас өріппен жазылуы	45
Қала, аудан, ауыл және көше аттарының бас өріппен жазылуы	47
Жан-жануарлар мен үй хайуанаттары аттарының бас өріппен жазылуы	49

СӨЗ

Сөз және оның құрамы.....	50
Жүрнақ пен жалғау	56
Жалғау	58
Тұынды сөз	60
Заттың атын білдіретін сөздер	64
Заттың сынын білдіретін сөздер	72
Заттың санын білдіретін сөздер.....	79
Заттың қимылын білдіретін сөздер	85

СӨЙЛЕМ

Сөйлем туралы түсінік	92
Хабарлы сөйлем	94
Сұраулы сөйлем	96
Лепті сөйлем	100
Сөйлемдегі сөздердің байланысы	104
Мәндес сөздер	109
Мағынасы қарама-қарсы сөздер	111
Мағынасы әр түрлі сөздер	113
Әткенді пысықтау	116
Жыл бойы әткенді қайталау	118

Ана тілі: Жалпы орта білім беретін мектептердің 2-сыны-
O-52 бына арналған оқулық. // М. Омарұлы. — Т.: «О'zbekiston»,
2018, 128 б.

ISBN 978-9943-01-278-3

УҮК: 811.512.122(075)

372.881.1(075)

КБК 81.2. -Каз-93

O'quv nashri

МАНКАМБОЙ О'МАРО'Г'ЛИ

ONA TILI

Umumiy o'rta ta'lif maktabalarining 2-sinfi uchun darslik

6-nashri

(Qozoq tilida)

Original-maket «О'zbekiston» nashriyot-matbaa ijodiy
uyida tayyorlangan, 100011, Toshkent, Navoiy ko'chasi, 30

Редактор Г. Нишанова

Көркемдеуші редактор И. Юлдашев

Техникалық редактор Т. Харитонова

Компьютерде беттеген Г. Құлназарова

Баспа лицензиясы АI 158, 14.08.09.

Басуға 2018 жыл 11 майда рұқсат етілді. Пішімі 70×90¹/₁₆.

Гарнитурасы «Pragmatica Kazakh». Кеглі 16, 14.

Офсеттік қағаз. Офсеттік әдіспен басылды.

Шартты баспа табағы 9,36. Есепті баспа табағы 9,67.

Таралымы 5737 дана. Тапсырыс № 72-18.

Өзбекстан Баспасөз және ақпарат агенттігінің

«О'qituvchi» баспа-полиграфия шығармашылық үйінде басылды.

Ташкент-206, Юнусабад, Яңғи шахар көшесі, 1-үй.

Пайдалануға берілген оқулықтың жағдайын көрсететін кесте

№	Оқушының аты, фамилиясы	Оқу жылы	Оқулықтың пайдалануға берілгендеңі жағдайы	Сынып жетекшісінің қолы	Оқулықты тапсырғандағы жағдайы	Сынып жетекшісінің қолы
1						
2						
3						
4						
5						
6						

Пайдалануға берілген оқулықты оқу жылы аяқталғанда қайтарып тапсырады. Жоғарыдағы кестені сынып жетекшісі тәмендегі бағалау критерінде негізінде толтырады.

Жаңа	Оқулықты алғаш рет пайдалануға берілгендеңі жағдай
Жақсы	Мұқаба бүтін, оқулықтың негізгі бөлігінен ажыралмаған. Барлық парақтары бар, жыртылмаған, көшпеген, беттеріне жазбаған және сыйбаған.
Орташа	Мұқаба езілген, аздап қана сзызылған, шеттері жейілген, оқулықтың негізгі бөлігінен ажыраған жерлері бар. Пайдаланушы жағынан қанағаттанарлық жөнделген. Жұлынған, кейбір беттері сзызылған.
Нашар	Мұқаба былғанған, сзызылған, жыртылған, негізгі бөлігінен ажыраған немесе мүлдем жоқ, нашар жөнделген. Беттері жыртылған, парақтары жетіспейді, сзызып, бояп тасталған. Оқулық қалпына келтіруге жарамайды.